

# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті



БЕКІТЕМІН:

М. Қозыбаев атындағы  
СҚМУ ректорының м.а.

С.М. Өмірбаев  
2016 ж.



## КРЕДИТТІК ТЕХНОЛОГИЯ БОЙЫНША БІЛІМ АЛУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АНЫҚТАМАЛЫҚ-ЖОЛНҰСҚА

Петропавл қ, 2016

## МӘЛІМЕТТЕР

Мамандық \_\_\_\_\_

Топ \_\_\_\_\_

Декан \_\_\_\_\_

Кафедра меңгерушісі \_\_\_\_\_

Декан орынбасары \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

Куратор \_\_\_\_\_

Эдвайзер \_\_\_\_\_

Мамандық бойынша тіркеуші \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_

## Мазмұны

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушылардың ар-намыс кодексі .....	5
Кіріспе .....	6
Тарих .....	6
Бүгінгі университет .....	6
Оқытудың кредиттік технологиясының негізгі ұғымдары .....	8
Оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері .....	12
Білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыру .....	13
Білімді бағалау .....	14
Үлгерімнің ағымдық бақылауын өткізу тәртібі .....	14
Білім алушылардың аралық аттестаттауы .....	15
Емтихан өткізу тәртібі .....	15
Қорытынды бағаны есептеу .....	18
Емтихан бақылауы бойынша апелляция .....	18
Емтихан сессиясын жеке тапсыру шарттары .....	19
Академиялық қарызды жою .....	20
Келесі курсқа көшіру тәртібі .....	20
Өз GPA қалай есептеуге болады? .....	21
Курстан курсқа көшіру ұпайлары .....	21
Қосымша семестр .....	22
Ауыстыру .....	23
Білім алушының бір жоғары оқу орнынан басқа жоғары оқу орнына ауысу процедурасы .....	23
Қайта қабылдау .....	24
Оқудан шығару .....	25
Академиялық демалыс ұсыну .....	25
Бос гранттар .....	26
Жоғары білім алу үдерісінде босатылған, бос білім беру гранттарын беру процедурасы .....	26
Шәкіртақылар .....	27
Президент шәкіртақысы .....	27
Манаш Қозыбаев атындағы грант .....	28
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының гранты .....	28
Әлеуметтік жеңілдіктер және оқу үшін төлемақы бойынша жеңілдіктер .....	29
Қашықтықтан оқыту .....	30
ЖОО құрылымы .....	32
Факультеттер және институт .....	32
Кітапхана .....	36
Студенттерді қолдау қызметі .....	37
М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушыларына жатақхана беру .....	39
Студенттер қалашығының сұлбасы .....	40
Спорт секциялары .....	41
Шығармашылық бірлестіктер .....	41

## **Құрметті білім алушылар!**

**Құттықтаймын! Сіздер біздің ЖОО-ды таңдай отыра, дұрыс шешім қабылдадыңыздар.**

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ қазіргі кезде өз ісінде жылдар бойғы тәжірибе мен жастар мүддесін табысты үйлестіріп, қарқынды дамып келе жатқан жоғарғы оқу орны. Университет қабырғасында қолданбалы және іргелі зерттеу жұмыстары жүргізіліп, жаңа білім беру технологиялары сынамадан өткізілуде. Біз қазіргі кездегі маманға қойылатын талаптарға сәйкес, әр студенттің әлеуетін ашуды көздейміз.

Біздің университет білім беру, гуманитарлық ғылымдар, құқық, өнер, әлеуметтік ғылым, экономика және бизнес, жаратылыс ғылым, техникалық ғылым және технология, ауыл шаруашылық ғылымы, қызмет көрсету салаларындағы кадрларды даярлауды жүзеге асырады және Қазақстанның солтүстік өңіріндегі алдыңғы қатарлы ЖОО-ның бірі болып табылады. ЖОО-да сапалы білім беруді қамтамасыз ету үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Техникалық бағыттағы мамандардың жоғары деңгейдегі дайындығы ASIIN неміс агенттігі және Quacquarelli Symonds рейтингілік агенттігімен куәландырылған.

Оқытудың кредиттік технологиясына көшу дегеніміз ЖОО-ы, мамандықтары, құрылымдық бөлімшелері, оқу үдерісінің ұйымы мен білімді бақылау жүйесі, өздігінен дайындалу жағдайы туралы толық ақпараттарға студенттердің қолжетімділігі. Бұл анықтама университетпен өз еркімен танысу және ашылған мүмкіндіктерді толық пайдалануға көмектеседі.

Біз, біздің білім алушылардан моральдық-этикалық норманы сақтағанын, ЖОО-ны беделінің қамын ойлап және оның дамуына жағдай жасағанын, жақсы оқығанын, адал және әділетті болғанын, басқа адамдардың абыройымен мен қадір-қасиетін сыйлағанын, ұлттық және нәсілдік белгісі бойынша кемсітушіліктің кез-келген танымдарына көнуге болмайтын, ұжымдастарына олардың кәсіптік дамуына көмектесіп, интеллект деңгейін және айналадағыларының моралдық сапасын арттыруына жағдай жасауын тілейміз.

Сіздер университет ұсынатын барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, жоғары білікті маман болатындарыңа және өз кәсіптеріңнің биік шыңдарынан көрінетіндеріңе біз сенеміз.

## **М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушылардың ар ар-намыс кодексі**

М.Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті, жоғары білім беру жүйесінің басты мақсаты – дүниетанымдық әлеуетке, креативті ойлау қабілетіне ие, мамандығы бойынша тұрақты құзыреттерді меңгерген, кәсіби және мәдени бағдарланған тұлғаны даярлауды жүзеге асыруда өзінің жауапкершілігін түсініп және өзінің парызы - корпоративтік басқару ұстанымдарын нығайту және дамыту деп санап, өзін студенттік қоғамдастықтың тең құқылы мүшесі деп санап, осы кодексті қабылдайды және оны мүлтіксіз орындауға міндеттеледі.

**Ар-намыс кодексін тану М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың білім алушысын келесі құндылық-этикалық нормаларға бағынуды көздейді:**

- Қазақстан Республикасының беделді азаматы, таңдаған мамандығының шебері, өзінде шығармашыл тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылуға;
- университет дәстүрлерін құрметтеп, арттыруды, оның имиджін қазақстандық және халықаралық білім беру кеңістігінде сақтауға жағдайлар жасайды;
- өзін белсенді азаматтық ұстанымға тәрбиелеуге, нақты көзқарасын, сыбайлас жемқорлыққа деген нәлдік шыдамдылығын тәрбиелейді, лаңкестік пен дәстүрлі емес діни ағымдардың таратылуына белсенді түрде қарсы тұрады;
- басқа этностардың салт-дәстүрлеріне шыдамдылық танытады және құрметтейді;
- басқалардың беделі мен ар-намысын құрметтеп, сыйластық сақтайды;
- бірінші курстарға университет ортасына бейімделуге көмектеседі;
- Оқу сабақтары мен бақылау түрлерінің барлық түрлеріне ұқыпты, академиялық адалдықты сақтайды және академиялық мәдениет танытады.
- академиялық адалдық ұстанымдарын сақтауды өзінің парызы деп санайды:
  - адалдық – студенттердің бағаланатын жұмысты адал, ұқыпты орындауы;
  - автор құқығын қорғауды жүзеге асыру – бөгде тіл, ойды дұрыс беру және бағаланатын жұмыстағы ақпарат көздерін көрсету арқылы авторлықты мойындау;
  - ашықтық – айқындық, өзара сенімділік, студенттер мен оқытушылар арасында ақпараттар және идеялармен ашық алмасу;
  - студенттердің құқықтары мен бостандығын құрметтеу – студенттердің өз пікірлері мен идеяларын еркін айта білу құқығы;
  - теңдік - әр студенттің академиялық адалдықты сақтау бойынша және оларды бұзғаны үшін жауапкершілікке тең міндеті.
- университет ортасының үйлесімді дамуына бағытталған келесі ЖОО қызметтерін қабылдайды және қолдайды:
  - университеттің корпоративтік мәдениеті;
  - ғылыми-білім беру белсенділігінің түрлері;
  - студенттердің өзін-өзі басқаруы;
  - көркем шығармашылық;
  - спорт-сауықтыру және т.б. қызмет түрлері.
- төңірек пен оқу дәрісханаларында тазалық пен тәртіп сақтап, университеттің материалдық-техникалық базасына залал келтіретін әрекеттер жасамайды.

Осы Кодексті бұзу университет ұжымының қоғамдық пікірімен айыпталады. Ар-намыс кодексін бұзған жағдайда, білім алушы жазалануы, ал өрескел немесе бірнеше рет бұзған болса – университеттен шығарылуы мүмкін.

Университеттің әрбір білім алушысы осы Кодексті орындағаны үшін моральдық шауапкеошілікке тартылады.

**Осы Кодекстің нормаларын қабылдай, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің абыройын, қадір-қасиетін және дәрежесін жоғары көтеруге міндеттенемін.**

# Кіріспе

## Тарих

Академик Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университеті – Қазақстанның ертеден ашылған жоғары оқу орындарының бірі және ол 1937 жылы Петропавл мұғалімдер институты ретінде ашылған болатын. 1955 жылы біздің университетіміз география, физика-математикалық, орыс тілі мен әдебиеті факультеттері негізінде К.Д.Ушинский атындағы Петропавл педагогикалық институты ретінде қызмет ете бастады. Осы кезде оқу ғимараттары, жатақханалар, спорт залдары, агробиостация және т.б. салынды.

Тәуелсіз Қазақстан 90-ыншы жылдары жоғары білім беру жүйесін қайта құруды бастады. 1994 жылы Қазақстан Республикасының Министрлері Кабинетінің университеттер құру туралы қаулысы қабылданып, Петропавл педагогикалық институты Солтүстік Қазақстан университеті болып өзгертілді. Сол кезден бастап университет инфрастрктурасы дамуын күшейтті.

2003 жылы ЖОО-ға атақты ғалым және тарихшы, мемлекеттік және қоғам қайраткері академик Манаш Қозыбаевтың аты берілді.

## Бүгінгі университет

Университет жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді жүзеге асырады. 2004 жылдан бастап, ЖОО Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Болон декларациясы және білім беру саласындағы басқа да халықаралық құжаттарға сәйкес, үш деңгейлі бағытта (бакалавриат – магистратура – докторантура) кадрлар даярлайтын және студенттерге жеке білім беру траекториясы мен оқытушылар таңдауды қамтамасыз ететін, оқытудың кредиттік технологиясын жүзеге асыра бастады.

Университет 47 бакалавриат мамандығы, 23 магистратура мамандығы, 4 PhD докторантура мамандығы бойынша мамандар даярлайды.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-да дәстүрлі оқытуды электронды оқытудың жаңа түрлерімен үйлестірген университеттің жаңа үлгісі қалыптасуда.

ЖОО қашықтықтан білім беру технологиясын жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар жасайды, дамыған материалды-техникалық базасы бар, ақпараттық қамтамасыз ету және қашықтықтан білім беру саласындағы сертификатталған профессорлық-оқытушылық құрамы да жеткілікті. Қазіргі кезде университетімізде қашықтықтан білім беру технологиясын қолданумен сырттай оқу бөлімінің студенттерін оқыту жүргізіледі.

Қазіргі кезде барлық факультеттер мен Тіл және әдебиет институтында бақылау және оқыту бағдарламаларының алуан түрлері, электронды анықтама жүйесі, нақты виртуалды зертханалар белсенді қолданып, мультимедиялық лингафонды кабинеттер, компьютерлік сыныптар, мамандандырылған зертханалар және т.б. жабдықталған. Осының бәрі студенттердің зияткерлік дағдыларын дамытып, олардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруға мүмкіндік жасайды.

Қазіргі заманғы өндірісте кәсіби дағдыларды қалыптастыру үшін, студенттер тәжірибелерінің барлық түрлері облысымыздың кәсіпорындары, ұйымдары және мекемелерімен жасалған келісімшарттары негізінде ұйымдастырылады. Корпоративті серіктестерді таңдау тәжірибеден өтушілердің мамандықтарына сәйкес жүзеге

асырылады. Тәжірибе аясы ретінде ЖОО-ның ғылыми зертханалары да пайдаланылады. Оқу тәжірибесі «Мирас» оқу-өндірістік сауықтыру кешені және арнайы полигондары бар қала сыртындағы агробиостанция аясында жүргізіледі.

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-да мемлекеттік тілде кадрларды даярлау мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Университеттегі оқу үдерісі білім берудің әр деңгейіне арналған стандарттарға сәйкес, мемлекеттік тіл – қазақ тілінен білім беру және дамытуды қамтамасыз етуге бағытталған және студенттерді мемлекеттік тілде оқытуды жетілдіру бағдарламасына негізделген.

Көптілдік оқытуды енгізу және үш тілді меңгеретін жаңа форматты мамандарды даярлау мақсатында, бакалавриат және магистратураның кейбір топтарында білім алушыларды үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) даярлау жүргізіледі. ЖОО студенттеріне арналған мемлекеттік, ағылшын және француз тілдерін оқыту бойынша тегін курстар ұйымдастырылады.

Университетте Сіздің шығармашылық потенциалыңызды іске асыру үшін жағдайлар жасалған. Жастар ісі бойынша комитет, студенттік өзін-өзі басқаруы, Қазақстан студенттерінің Альянсы бөлімі, демалыс және спорт бірлестігі, КТК жұмыс істейді. Ғылыми конференциялар, семинарлар, олимпиадалар, байқаулар өткізіледі, ғылыми журналдар, студенттік газеттер, телебағдарламалар шығарылады.

Оқу үздіктері, ғылыми және қоғамдық істерге белсенді қатысушыларға Президент шәкіртақысы тағайындалады. Студенттер мүддесін ынталандыру және оқудағы, ғылыми және қоғамдық істегі жетістіктері үшін оларды мадақтау мақсатында, 2011 жылдан бастап академик Манаш Қозыбаев және ректор атындағы гранттар тағайындалады.

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушылардың академиялық ұтқырлығын дамыту және университетте дәрістерді оқу үшін шетел ғалымдарын тарту мақсатында алыс және жақын мемлекеттердің ЖОО-мен ынтымақтасады.

Университетте <http://www.nkzu.kz> мекен-жайы бойынша білім беру порталы жұмыс істейді. Оның негізгі мақсаты - студенттерді, оқытушыларды және өңір жұртшылығын университет қызметіндегі өзекті жағдайлар мен оқу үдерісінде, басқаруда, әлеуметтік және тәрбие мен даму бағыттары туралы ақпараттандыру болып табылады.

Әр студент порталда студенттің анықтамалық-жолнұскасымен, академиялық күнтізбесімен, оқу сабақ кестесімен, элективті пәндер каталогымен таныса алады, пәндер мен оқытушыларды таңдауды жүзеге асырады, өз білімінің рейтинг бағасы нәтижесімен, оқу жетістіктерінің жеке нәтижелерімен таныса алады, курстық және диплом жұмыстарының тақырыптарын таңдай алады. Оқытушылардың әдістемелік беттері, олардың жетістіктері, университеттегі қашықтықтан оқыту жүйесі туралы білу, оқу үдерісін жетілдіру бойынша өз тілектері мен ұсыныстарын айту, компьютерлік сыныптардың қамтылуы туралы ақпаратты алу, мақалаларды жариялау мүмкіндігі, академиялық ұтқырлық шеңберінде оқу бойынша ұсыныстарды алу, академик Манаш Қозыбаев және ректор атындағы гранттарын алу туралы ережелермен танысу, студенттік және Бірінші Президент Қоры шәкіртақыларын беру студенттер үшін қолжетімді. Сонымен оқу пәндері бойынша тестілеуден өтуге, үлгерімі бойынша студенттерді саралау нәтижелерін білуге, психологиялық кеңес алуға және жазғы кезеңде жұмысқа орналасу мүмкіндіктері туралы білуге болады.

## Оқытудың кредиттік технологиясының негізгі ұғымдары

<b>Академиялық ұтқырлық</b>	өз жоғары оқу орнында игерілген білім беру бағдарламаларының міндетті түрде қайта есептелуімен басқа жоғары оқу орнына (ел ішінде немесе шетелде) белгіленген академиялық кезеңге: семестр не болмаса оқу жылы оқуға немесе зерттеу жүргізу үшін немесе басқа жоғары оқу орнында оқуын жалғастыру үшін білім алушылардың немесе оқытушылар-зерттеушілердің қозғалысы
<b>Академиялық еркіндік</b>	білім алушылар, оқытушылардың шығармашылық дамуы және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану үшін жағдай жасау мақсатында білім беру әрекетін ұйымдастыру мен оқытудың қосымша түрлері, таңдау бойынша компоненттің пәндері бойынша білім берудің мазмұнын өздігінен белгілеу үшін ұсынылатын білім беру процессінің субъектілері өкілеттіліктерінің жиынтығы
<b>Академиялық дәреже (Degree)</b>	білім беру ұйымдарымен қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша тиісті білім беру оқу бағдарламаларын игерген білім алушыларға берілетін дәреже
<b>Академиялық адалдық</b>	оқытуда жазбаша жұмыстарды (бақылау, курстық, эссе, диплом, диссертация), зерттеу, презентация орындау кезінде, сонымен қатар оқу жетістіктерін бағалау барысында жеке адалдықты дамытуға бағытталған құндылықтар мен ұстанымдар жиынтығы
<b>Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)</b>	оқу жылы бойы демалыс күндерінің (демалыс пен мерекелер) көрсетілуімен оқу және бақылау шаралары, тәжірибе өткізу күнтізбесі
<b>Академиялық кезең (Term)</b>	үш түрдің біреуінде білім беру ұйымымен таңдап алынатын теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан
<b>Білім алушының академиялық рейтингісі (Rating)</b>	білім алушылардың аралық аттестаттау нәтижелері бойынша құрылатын пәннің оқу бағдарламасын игеру деңгейінің сандық көрсеткіші
<b>Академиялық сағат</b>	сабақ кестесі бойынша оқу сабақтарының барлық түрлерінде (дәрістік сабақ) немесе жеке бекітілген кесте бойынша білім алушының оқытушымен қарым-қатынас жасау жұмысының уақыты
<b>Белсенді үлестірме материалдары (БҮМ) (Hand-outs)</b>	оқу сабақтарында білім алушыларды тақырыпты шығармашылықпен табысты игеруіне уәждеме жасау үшін таратылатын көрнекілік суретті материалдар (дәріс тезистері, сілтемелер, мысалдар, глоссарий, өздік жұмысы үшін тапсырмалар)



<b>Апелляция</b>	білімді объективті бағалауда күмән пайда болған кезде, білім алушының ниеті бойынша өткізілетін процедура
<b>Оқу жетістіктерін бағалаудың ұпайлық-рейтингтік әріптік жүйесі</b>	халықаралық тәжірибеде қабылданған сандық баламасы бар әріптік жүйеге сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингісін белгілеуге мүмкіндік беретін оқу жетістіктерінің деңгейін ұпаймен бағалау жүйесі
<b>Қос дипломды білім</b>	екі тең дәрежелі диплом (Double Major) немесе бір негізгі және екінші қосымша диплом (Major - Minor) алу мақсатында екі оқу жоспары (оқу бағдарламасы) бойынша қатар оқу мүмкіндігі
<b>Кредиттерді трансферттеудің (көшірудің) және жинақтаудың Еуропалық жүйесі (ECTS)</b>	білім беру бағдарламаларының (пәндерге, курстарға, модульдерге) компоненттеріне сынақ бірліктерін (кредиттерін) тағайындау тәсілі, оның көмегімен білім беру траекториясын, оқу орнын және оқу елін ауыстырған кезде білім алушымен игерілген оқу пәндерін (кредиттер және бағалармен бірге) салыстыру және қайта есептеу жүзеге асырылады
<b>Оқу пәніне жазылу (Enrollment)</b>	білім алушылардың оқу пәндеріне алдын ала жазылу процедурасы
<b>Жеке оқу жоспары</b>	типтік оқу жоспары және элективті пәндер каталогы негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушының өз бетімен әр оқу жылына қалыптастырылатын оқу жоспары
<b>Білім алушылардың қорытынды аттестаттауы (Qualification Examination)</b>	білім алушылардың мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартысымен қарастырылған оқу пәндерінің көлемін игеру деңгейін анықтау мақсатында өткізілетін процедура
<b>Қорытынды бақылау</b>	білім алушылардың аралық аттестаттауы кезінде емтихан түрінде өткізілетін оқу пәнінің бағдарламасын игеру сапасын бағалау мақсатында олардың оқу жетістіктерін бақылау, егер пән бірнеше академиялық кезеңде оқытылатын болса, онда қорытынды бақылау сол академиялық кезеңде пәннің бір бөлігі бойынша өткізілуі мүмкін
<b>Білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау</b>	бақылау (ағымдық, аралық және қорытынды) мен аттестаттаудың түрлі үлгісі бойынша білім алушылардың білім деңгейін тексеру
<b>Кредит (Credit, Credit-hour)</b>	білім алушының/оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғайланған бірлігі
<b>Оқытудың кредиттік технологиясы</b>	білім алушы мен оқытушы оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғайланған бірлігі ретінде кредиттің қолданылуымен білім алушылардың таңдауы мен өздігінен жоспарлау негізіндегі оқу
<b>Элективті пәндер</b>	оқытудағы күтілетін нәтижесінің (білім алушылармен алатын білімдері, икемдері, дағдылары мен

<b>каталогы</b>	құзырлықтары) көрсетілуімен олардың қысқаша сипаттамасын қамтитын таңдау бойынша компоненттегі пәндердің жүйеленген мазмұндалған тізімі. Каталогта әр пәннің пререквизиттері мен постреквизиттері көрсетіледі. ЭПК білім алушыларға элективті пәндердің альтернативті таңдау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс
<b>Пәннің сипаттамасы (Course Description)</b>	пәннің мақсаты, міндеті мен мазмұнын қамтитын пәннің қысқаша сипаттамасы (5-8 сөйлемнен тұрады)
<b>Тіркеуші офісі</b>	білім алушылардың оқу жетістіктерінің барлық тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін қамтамасыз ететін және академиялық рейтингті есептейтін академиялық қызмет
<b>Пререквизиттер (Prerequisite)</b>	оқытылатын пәнді игеру үшін қажетті білім, икем мен дағдыны қамтитын пәндер
<b>Постреквизиттер (Postrequisite)</b>	оларды игеру үшін сол пәннің оқытылуы аяқталғаннан кейін пайда болатын білім, икем мен дағдыны талап ететін пәндер
<b>Пәннің бағдарламасы (Syllabus)</b>	оқу бағдарламасы, оқытылатын пәннің сипаттамасын, пәннің мақсаты мен міндеттерін, оның қысқаша мазмұнын, тақырыптары мен оны оқытудың ұзақтығы, өздік жұмысының тапсырмалары, консультациялар уақыты, білім алушылар білімін тексеру кестесі, оқытушылар талаптары, білім алушылардың білімін бағалаудың критерийлері және әдебиеттер тізімін қамтиды
<b>Білім алушылардың аралық аттестаттауы</b>	білім алушылармен бір оқу пәнінің, оны оқыту аяқталғаннан кейін, мазмұнының бір бөлігін немесе бүкіл көлемді игеру сапасын бағалау мақсатында емтихан сессиясы кезінде өткізілетін процедура
<b>Жұмыс оқу жоспары</b>	білім беру ұйымдарымен мамандықтың типтік оқу жоспары мен білім алушылардың жеке оқу жоспары негізінде өздігінен құрастырылатын құжаты
<b>Аралық бақылау</b>	бір оқу пәнінің бір тарауын (модулін) аяқтағаннан кейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылау
<b>Білім алушылардың өздік жұмысы (БАӨЖ)</b>	оқу-әдістемелік әдебиет және нұсқаулықтармен қамтылған, тест, бақылау жұмысы, коллоквиум, реферат, шығарма және есептер түрінде бақыланатын өздігінен игеруге берілетін белгілі тақырыптар тізімдемесі бойынша жұмыс
<b>Оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өздік жұмысы (ОЖБАӨЖ)</b>	бекітілген кесте бойынша оқытушылардың жетекшілігімен өткізілетін білім алушылардың дәрісханадан тыс жұмысы
<b>Үлгерімнің орташа</b>	таңдап алған бағдарлама бойынша оқытудың барлық

<b>ұпайы (Grade Point Average - GPA)</b>	кезеңіндегі оқу жетістіктерінің деңгейін орташа есептелген бағасы (кредиттер туындысы сомасының пәндер бойынша аралық аттестаттау бағаларының сандық ұпайлар баламасының ағымдағы оқыту кезеңіндегі кредиттердің жалпы санына қатынасы)
<b>Білім алушылар үлгерімін ағымдық бақылауы</b>	академиялық кезең бойы оқытушымен дәрісханалық және дәрісханадан тыс сабақтарда өткізілетін білім алушылардың оқу бағдарламасына сәйкес білімдерін жүйелі тексеру
<b>Транскрипт (Transcript)</b>	белгіленген үлгідегі құжат, ол кредиттер мен бағалардың әріптік және сандық баламада көрсетілуімен тиісті оқу кезеңіндегі игерген пәндердің тізімін қамтиды
<b>Тьютор</b>	нақты пәнді игеру бойынша білім алушының академиялық консультанты рөліндегі оқытушы
<b>Білім алушылардың оқу жетістіктері</b>	оқу үрдісі кезінде пайда болатын және тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білім, икем, дағды мен құзырлықтары
<b>Эдвайзер (Advisor) куратор/тәлімгер</b>	тиісті мамандық бойынша білім алушының академиялық тәлімгері қызметін атқаратын, оқу кезінде оқу траекториясы (жеке оқу жоспарын қалыптастыру) мен білім беру бағдарламасын игеруде көмек көрсететін оқытушы
<b>Элективті пәндер</b>	білім алушының жеке даярлығын көрсететін, әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және нақты аймақтың қажеттілігін, қалыптасқан жоғары оқу орындарының ғылыми мектептерін ескеретін, білім алушының жеке даярлығын көрсететін, білім беру мекемелерімен енгізілетін және белгіленген кредиттер шеңберінде таңдау бойынша компонентке кіретін оқу пәндері

## Оқу үдерісін ұйымдастыру ережелері

Оқу жылы 1 қыркүйекте басталады және 31 тамыз аяқталады. Оқу жылы екі академиялық кезеңнен тұрады. Академиялық кезең семестр түрінде ұйымдастырылған және 15 аптаны қамтиды.

Академиялық кезеңдер академиялық күнтізбемен регламенттелген.

Академиялық қарызды немесе оқу жоспарындағы айырмашылықты жою үшін, сонымен қатар қосымша оқытудағы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін қосымша семестр ұйымдастырылады. Қосымша семестрде ақылы негізде жеке пәндерді қайта оқуға және солар бойынша емтихандарды қайта тапсыруға мүмкіндік беріледі.

Барлық аудиторлық сабақ түрлері мен оқытушының жетекшілігімен білім алушылардың өздік жұмысының (ОЖБАӨЖ) ұзақтығы 50 минуттық байланыс сағаты бекітілген.

ОЖБАӨЖ білім алушылардың дәрісханадан тыс сабақ түрі болып табылады, ол оқу сабақтарының жалпы кестесіне кірмейтін жеке кесте бойынша орындалады. ОЖБАӨЖ сағаттарына оқу бағдарламасын, үй тапсырмасын, курстық жұмыстарды/жобаларды орындау, семестрлік жұмыстарды бақылау, есептер және БАӨЖ сабақтарының басқа түрлерінің күрделі мәселелері бойынша кеңестер кіреді.

Әр білім алушыға семестрдің бірінші аптасында осы семестрде оқылатын оқу жоспарының барлық пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешеннің электронды түрі беріледі. Оған қоса, білім алушы оқу пәндері мен тәжірибеге қатысты барлық материалдармен ЖОО электронды кітапханасына кіріп, таныса алады: <http://is.nkzu.kz/e-library/>

Оқу үрдісінің қамтамасыз етілуін (әдістемелік және оқу материалдарымен) үйлестіруді шығарушы кафедралар жүзеге асырады.

Жеке оқу жоспары әр білім алушының білім беру траекториясын анықтайды. Жеке оқу жоспарын құрастыруды білім алушы типтік оқу жоспары мен элективті пәндер каталогы негізінде жүзеге асырады, М.Қозыбаев атындағы СҚМУ сайтында («Білім алушылар» бетінде) танысуға болады.

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-дың әр білім алушысына білім алушының жеке коды (БАЗК) беріледі, сол код арқылы ол «Офис-тіркеуші» электрондық жүйесінде өз жеке оқу жоспарын бекітеді.

Ақылы негізде оқитындар тиісті деңгейдегі білім беру бағдарламасын игеру үшін белгіленген кредиттердің аз санымен өз ЖОЖ-ын қалыптастыра алады, бірақ мұндай жағдайда оқу мерзімі көбейеді.

Білім алушы өз білім алу траекториясын жоспарлаған кезде, өзінің жеке оқу жоспарын орындаған жағдайда, ақылы негізде басқа академиялық лектер және мамандықтардың білім алушыларымен бірге қосымша 1-2 пәнді оқуға ниет білдіруге құқылы.

Мамандықтардың таңдау бойынша пәндерге жазылу процедурасы тіркеуші офисімен, кафедралар мен эдвайзерлердің әдістемелік және консультативтік көмегімен, электрондық түрде ұйымдастырылады.

Эдвайзерлер білім алушылармен жазылу басталғанша дейін екі апта бұрын пәндер мен оқытушыларды таңдауға қатысты кеңес-әдістемелік жұмысты жүргізуі тиіс.

Білім алушылардың курстан курсқа академиялық көшірілуі университеттің Ғылыми кеңесімен белгіленген көшірілу ұпайына сәйкес жүзеге асырылады.

Қосымша семестр нәтижелерінің есепке алынуымен оқу жылының

қорытындысы бойынша қажетті кредит санын жинамаған білім алушы қайта оқу курсына қалдырылады. Қайта оқу курсына қалдырылған білім алушы бұрын бекітілген жеке оқу жоспары бойынша оқиды немесе жаңа жеке оқу жоспарын қалыптастырады.

Қайта оқу курсы студент өз есебінен қаржыландырады.

Академиялық ұтқырлықты қамтамасыз ету үшін білім алушылар жеке пәндерді басқа білім беру ұйымдарында, сонымен қатар шетелде де игеруі мүмкін.

Оқу жетістіктерінің сыртқы бағалауы (ОЖСБ) бітіруші курс студенттері үшін білім беру қызметтерінің сапасын бағалау мониторингісін жасау және жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарымен қарастырылған оқу пәндерінің көлемін білім алушылармен игеру деңгейін анықтау мақсатында жүзеге асырылады. ОЖСБ өткізу мерзімдері білім беру саласындағы өкілетті органдармен белгіленеді. ОЖСБ оқытудың барлық түрлері бойынша білім алатын студенттер үшін өткізіледі. ОЖСБ өткізу үшін мамандықтардың типтік оқу жоспарларынан бекітілген базалық және кәсіптендіру пәндерінің циклдері бойынша тест тапсырмалары пайдаланылады.

### **Білім алушылардың жеке оқу жоспарын қалыптастыру**

Университетте оқу бастар алдында, эдвайзерлердің кеңесімен білім беру траекториясы – жеке оқу жоспары бірінші оқу жылына анықталады. Жеке оқу жоспарын қалыптастыру 1 курсқа 5 қыркүйекте, 2 және жоғарғы курсқа 1 мамырға дейін аяқталады. Білім алушы жалпы білім беру, базалық және кәсіптендіру циклдерінен пәндерді таңдайды, пәннің циклінен әрбірі міндетті (типтік оқу жоспарынан) және элективті (элективті пәндер каталогынан) болып бөлінеді.

Жаңа оқу жылына жеке оқу жоспарын қалыптастыру пәндер мен оқытушыларға студентті тіркеуден басталады, университеттің білім беру порталында білім алушының жеке кабинеті арқылы электронды түрде жүзеге асырылады.

Білім алушы эдвайзердің көмегімен тіркеу түрін толтырады, студент туралы, білім беру бағдарламасы, таңдау бойынша пәндер кредиттердегі (өтінішті және альтернативті) тізімі мен еңбек сыйымдылығы, әр пән бойынша оқытушының аты-жөні мағлұматынан тұрады.

Білім алушы тіркеу түрін толтыру кезінде модульдік білім беру бағдарламасымен қарастырылған кредиттер көлеміндегі пәндерді оқуға жазылуы тиіс.

Жеке оқу жоспары білім алушымен және эдвайзермен қол қойылады, факультет деканы/ТжӘИ директорымен бекітіледі. Жеке оқу жоспарының көшірмесі студентке беріледі. Жеке оқу жоспарын бекітілуден кейін өзгертуге болмайды.

Егер білім алушы орнатылған мерзімде тіркелмесе және өзінің жеке оқу жоспарын қалыптастырмаса, онда оны оқыту негізіне осы курстың жұмыс оқу жоспары қабылданады, сонымен бірге таңдау бойынша пәндер кафедраның қарауымен анықталады.

## Білімді бағалау

Білім алушылардың оқу жетістіктерін тексеру үшін жоғары оқу орнымен жұмыс оқу жоспары шеңберінде анықталатын бақылау мен аттестаттаудың түрлі нысандары қарастырылады. Сондай-ақ білім алушылардың оқу жетістіктері нәтижелерінің халықаралық білім беру кеңістігінде танылуын қамтамасыз ету үшін білімді бағалау тиісті 4 ұпайлық шкала бойынша сандық баламасы бар ұпайлық-рейтингтік жүйе бойынша жүзеге асырылады.

Сонымен бірге оқыту мен бағалау академиялық шыншылдыққа сүйенеді.

### Үлгерімнің ағымдық бақылауын өткізу тәртібі

Білім алушылар үлгерімін ағымдық бақылауы оқу пәнінің әр тақырыбы бойынша өткізіледі және білімді бағалау дәрістік және дәрістен тыс сабақтарынан тұрады.

Ағымдық бақылау бағасы (жіберілу рейтингтің бағасы) дәрістік сабақтардағы ағымдық бақылау бағасынан және аралық бақылау (дәрістен тыс сабақ) бағасынан жиналады.

Аралық бақылау бір академиялық кезең ағымында 8 және 15 апталарда бір оқу пәнінің шеңберінде 2 рет өткізіледі.

Сырттай оқу түрінің білім алушылары жіберілу рейтингіні барлық берілген тапсырмаларды орындаған жағдайда, бекітілген кесте бойынша емтихан сессиясының басталғанына дейін жинайды.

Оқу жоспарына кіретін курстық, есеп-графикалық және басқа да жұмыстар емтихан сессиясы басталғанға дейін қорғалып, сол пән бойынша емтиханға жіберудің шешімі болып табылуы тиіс. Осы жұмыс түрлері бойынша бағалар пән бойынша емтиханға жіберілу рейтингісін есептеу барысында ескерілуі тиіс (яғни рейтингтік бақылау жүргізу кезінде).

Егер оқу жоспарына сәйкес, пән бойынша бақылау түрі тек қана курстық жұмыс (жоба) болса, курстық жұмысты қорғау бойынша баға пән бойынша қорытынды баға болып табылады.

Пән бойынша қорытынды бақылауға жіберу үшін білім алушы кем дегенде 50 ұпай жинауы тиіс.

Әр пән бойынша білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейі жіберілу рейтингісінің бағасынан және емтихан бағасынан қалыптасатын қорытынды бағамен анықталады.

Жіберілу рейтинг бағасы үлгерімнің ағымдық бақылау бағасынан және аралық бақылау бағасынан жиналады. Жіберілу рейтинг бағасы пән бойынша білімді қорытынды бағалаудың 60% құрайды.

$$ЖР = (АБ1+АБ2+АБ3+... +АБ n+КБ1+КБ2)/ (n+2),$$

где АБ1,АБ2,АБ3,АБn- барлық тапсырмаларға қойылған ұпайлар;

n – ағымдағы бақылаудың барлық жұмыс түрлерінің саны;

2 – аралық бақылау саны;

КБ1- 1 кезеңдік бақылау;

КБ2- 2 кезеңдік бақылау.

## **Білім алушылардың аралық аттестаттауы**

Білім алушылардың аралық аттестаттау кезеңі емтихан тапсыру түрінде өткізіледі және емтихан сессиясы деп аталады.

Олар қысқы және жазғы емтихан сессиясы деп бөлінеді. Бұл жерде жазғы емтихан сессиясы көшпелі болып табылады, соның нәтижелері бойынша курстан курсқа көшіру туралы бұйрығы шығарылады.

Білім алушылардың аралық аттестаттауы академиялық күнтізбе және жұмыс оқу жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Пән немесе оның бөлігі бойынша емтихан білім алушының семестр бойы жұмысын, алған теориялық білімін, олардың игеру мықтылығын, шығармашылық ойлау қабілетінің дамуын, өздігінен жұмыс жасау дағдыларының игерілуін білім алушының жұмысын бағалау, алған білімдерін синтездей білу және оларды практикалық есептерді шығару үшін қолдана білуін бағалау мақсатын көздейді.

Білім алушылар жеке оқу жоспарларына қатаң сәйкес келетіндей бақылаудың барлық түрлерін тапсыруы тиіс.

Білім алушылар қосымша оқыту түрінің пәндері бойынша емтихан тапсыруы мүмкін, олардың тапсыру нәтижелері тізімдемеге, сынақ кітапшасына, транскрипт, аяқталмаған жоғары білім туралы анықтамаға енгізіледі.

Емтихан материалдары білім алушыларға сессияға дейін 2 ай бұрын берілуі тиіс, сондай-ақ тест тапсырмалары 360-тан асатын тестілер базасы жауаптар нұсқауларының көрсетілуімен, ал 360-тан кем болса – пәнді оқытатын кафедраның шешімі бойынша жауаппен не болмаса жауапсыз беріледі.

Тест тапсырмаларының көлемі 1 кредитке 120 сұрақтан кем емес пропорциясына сәйкес келуі тиіс, бірақ пән бойынша 400 тест тапсырмаларынан аспауы тиіс.

Қосылғанда сомасы 6 кредиттен аспайтын екі немесе одан да көп жақын пәндер бойынша кешенді емтихан белгіленуі мүмкін.

Дене шынықтыру сабағы бойынша дифференциалды сынақ емтихан сессиясының соңына дейін қабылданады. Сессия соңында дене шынықтыру сабағы бойынша дифференциалды сынақ болмаған жағдайда, ол академиялық қарыз деп есептелінеді және ақылы негізде жойылады.

Оқу төлемі бойынша қарызы бар білім алушылар сессияға жіберілуі туралы факультет деканының/институт директорының өкіміне тіркелмейді. Дене шынықтыру сабағы бойынша дифференциалды сынақ сессияға жіберілуіне әсер етпейді. Семестрдің соңғы күні факультет деканаты/ТжӘИ директоры сессияға жіберілуі туралы өкім шығарады.

Пән бойынша емтиханға 50 ұпайдан кем емес жіберілу бағасы бар және сол пән бойынша оқу жоспарында қарастырылған курстық жұмысты/жобаны оң бағаға қорғаған білім алушылар жіберіледі.

## **Емтихан өткізу тәртібі**

Емтихан барысында білім алушылар пәннің силлабусын (жұмыс оқу жоспарын) және анықтамалық әдебиетті пайдалана алады.

Білім алушыға факультет деканының/ТжӘИ директорының келісімі бойынша емтихан тапсыру тілін (қазақ, орыс) таңдау құқығы беріледі. Бұл үшін оқыту тілінен басқа тілде емтихан тапсыруға ниет білдірген білім алушы сессия басталмастан 2 ай бұрын факультет деканының/ТжӘИ директорының атына өтініш жазады, факультет деканы/ТжӘИ директоры өз кезегінде білім алушы өтінген тілде емтихан қабылдау бойынша комиссияны қалыптастырады немесе экспертті тағайындайды.

Емтихандағы білім алушының үлгісі 0-ден бастап 100-ге дейін ұпаймен анықталады. Тестілеу түрінде өткізілетін емтихандарда білім алушы 50 сұраққа жауап беруі қажет (1 дұрыс жауап 2 ұпаймен бағаланады). Есептеулер жасауды және уақытты қажет ететін пәндер үшін бір сұраққа 2 минут уақыт беріледі, мысалы, математика, физика, химия, сонымен қатар кешенді емтихандарда компьютерлік тестілеу түріндегі емтихан өткізу өтінімінде оқытушымен 1 емтихан үшін 25 сұрақ көрсетіледі. Емтихан ұпайлары ретінде дұрыс жауаптар саны есептелінеді (25 сұрақ үшін – 1 дұрыс жауап 4 ұпаймен бағаланады).

Әріптік жүйе бойынша баға	Білім, іскерлік пен дағдыларды бағалау критерийлері	Ұпайы	%-дық мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
<b>ауызша емтиханда</b>				
A	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілді, пән бойынша игерілген білімдердің жиынтығы, сұрақтардың негізгі жағдайлары дәлелді түрде ашылған; жауапта ұғымдар, теориялар, құбылыстардың мәнін ашатын нақты құрылым, логикалық жүйелілік байқалады. Пән бойынша білімі оның аталмыш ғылым жүйесінде және пәнаралық байланыс аясында түсінігінен көрінеді. Жауап заманауи терминологияның қолданылуымен әдеби тілде берілген. Жауап беру барысында студентпен өздігінен түзетілген кейбір ұғымдардың анықтамасындағы қателіктерге жол беріледі.	4	95-100	өте жақсы
A-	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерін, себептік-дәйектік байланыстарды анықтай білуін көрсетті. Жауап толық құрылымданған, логикалық, заманауи терминологияның қолданылуымен әдеби тілде берілген. Оқытушының көмегімен студентпен түзетілген анық емес немесе маңызды емес 2-3 қатеге жол беріледі.	3,67	90-94	
B+	Қойылған сұраққа толық, жан-жақты жауап берілді, маңызды және маңызды емес белгілерін, себептік-дәйектік байланыстарды анықтай білуін көрсетті. Жауап толық құрылымданған, логикалық, заманауи терминологияның қолданылуымен әдеби тілде берілген. Оқытушының көмегімен студентпен түзетілген анық емес немесе маңызды емес 2-3 қатеге жол беріледі.	3,33	85-89	жақсы
B	Жауап толық құрылымданған, логикалық, заманауи терминологияның қолданылуымен әдеби тілде берілген. Оқытушының көмегімен студентпен түзетілген анық емес немесе маңызды емес 2-3 қатеге жол беріледі.	3,0	80-84	
B-	Жауап толық құрылымданған, логикалық, заманауи терминологияның қолданылуымен әдеби тілде берілген. Оқытушының көмегімен студентпен түзетілген анық емес немесе маңызды емес 2-3 қатеге жол беріледі.	2,67	75-79	
C+	Жауап толық құрылымданған, логикалық, заманауи терминологияның қолданылуымен әдеби тілде берілген. Оқытушының көмегімен студентпен түзетілген анық емес немесе маңызды емес 2-3 қатеге жол беріледі.	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	Жауап толық құрылымданған, логикалық, заманауи терминологияның қолданылуымен әдеби тілде берілген. Оқытушының көмегімен студентпен түзетілген анық емес немесе маңызды емес 2-3 қатеге жол беріледі.	2,0	65-69	
C-	Жауап толық құрылымданған, логикалық, заманауи терминологияның қолданылуымен әдеби тілде берілген. Оқытушының көмегімен студентпен түзетілген анық емес немесе маңызды емес 2-3 қатеге жол беріледі.	1,67	60-64	
D+	Жауап толық құрылымданған, логикалық, заманауи терминологияның қолданылуымен әдеби тілде берілген. Оқытушының көмегімен студентпен түзетілген анық емес немесе маңызды емес 2-3 қатеге жол беріледі.	1,33	55-59	
D	Жауап толық құрылымданған, логикалық, заманауи терминологияның қолданылуымен әдеби тілде берілген. Оқытушының көмегімен студентпен түзетілген анық емес немесе маңызды емес 2-3 қатеге жол беріледі.	1,0	50-54	



	Жалпыланған білімдерді ашу дағдысы көрсетілмеген. Сөйлеу тілі түзетулерді, толықтыруды қажет етеді			
F	Жауап сұрақ бойынша айтарлықтай қателері бар өз алдына шашыраңқы түрде берілген. Бөлек-бөлек, мазмұндау кезінде логика сақталмаған. Студент билет бойынша талқыланып жатқан сұрақтың пәннің басқа объектілерімен байланысын түсінбейді. Мазмұндау кезінде қорытындылар, нақтылау және жауапқа сәйкес дәйектемелер жоқ. Сөйлеу тілі сауатсыз, терминология қолданылмайды. Оқытушының қосымша және айқындайтын сұрақтары студенттің өз жауабын түзетуге септігін тигізбейді.	0	0-49	қанағаттанарлықсыз
<b>жазбаша емтиханда</b>				
A	Барлық бағдарламалық материалдың терең және берік игерілуі, оның мазмұндауының толыққанды, сауатты және логикалық құрылуы,	4	95-100	өте жақсы
A-	монографиялық материалды білуі, қабылданған шешімдердің дұрыс негізделуі, практикалық жұмыстарды орындаудың жан-жақты дағдылары мен тәсілдерінің игерілуі.	3,67	90-94	
B+	Бағдарламалық материалды білуі, оның сауатты	3,33	85-89	жақсы
B	мазмұндалуы, сұраққа жауап беру кезінде айтарлықтай сәйкессіздіктер жіберілмеген,	3,0	80-84	
B-	теориялық жағдайларды дұрыс қолдана білуі, практикалық тапсырмаларды орындау кезінде қажетті дағдыларды игеруі.	2,67	75-79	
C+	Тек негізгі материалды игеруі, жеке детальдарды білмеуі, сәйкессіздіктер жіберілген, сөйлемдері	2,33	70-74	қанағаттанарлық
C	дұрыс құрастырылмаған, бағдарламалық	2,0	65-69	
C-	материалды мазмұндау кезінде жүйеліліктің	1,67	60-64	
D+	бұзылуы, практикалық тапсырмаларды орындау	1,33	55-59	
D	кезінде қиындықтардың туу.	1,0	50-54	
F	Бағдарламалық материалдың маңызды бөлігін білмеуі, айтарлықтай қателер жіберілген, практикалық жұмысты орындау көптеген қиындықтарды туғызады.	0	0-49	қанағаттанарлықсыз

Кешенді емтихан кезінде әр пән бойынша баға қойылады.

Егер білім алушы емтиханға келмесе, эксперт емтихан тізімдемесінде оның аты-жөнінің қарсысында «келмеді» деп жазады. Дәлелді себеп болған жағдайда, білім алушы растау құжаттардың ұсынылуымен факультет деканы/ТжӘИ директоры атына емтиханды қайта тапсыру қажеттілігі туралы өтініш жазады. Факультет деканы/ТжӘИ директоры сессия аяқталған соң, жеке түрде сол емтиханды тапсыру туралы өкім шығарады, бұл жерде емтихан тапсыру түрі сақталады.

Емтиханға келген кезде білім алушыда өзімен бірге студенттік билеті болуы тиіс.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны, оны арттыру мақсатында сол аралық бақылау кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат берілмейді. Қанағаттанарлықсыз бағаны оң

бағаға қайта тапсыру үшін білім алушы келесі академиялық кезеңде немесе қосымша семестрде сол пән бойынша жұмыс оқу жоспарымен қарастырылған оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, емтиханға жіберілу ұпайын алады және қорытынды бақылауды қайта тапсырады. Аталмыш жағдайда студент оқу пәніне жазылу процедурасынан қайта өтеді.

### Қорытынды бағаны есептеу

Пән бойынша қорытынды баға емтиханға жіберілу рейтингісі және қорытынды бақылау бағасын қамтиды.

Білім алушының оқу пәнінің бағдарламасын игеру деңгейінің қорытынды бағасындағы ағымдағы үлгерім бағасының үлесі 60% құрайды. Қорытынды бақылау бағасы сол оқу пәні бойынша қорытынды бағасының 40% құрайды. ҚБ келесі формуламен есептелінеді:

$$ҚБ=0,6 \times ЖРБ + 0,4 \times ЕБ,$$

мұндағы: ҚБ – қорытынды баға;

ЖРБ – жіберілу рейтинг бағасы;

ЕБ – емтихан бағасының (қорытынды бақылау) ұпайы.

Мұндағы ұпайлар сомасы мен қорытынды бағаның ара қатынасы төмендегідей:

Әріптік жүйе бойынша баға	Ұпайдың сандық баламасы	%-дық мәні	Дәстүрлі жүйе бойынша баға
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	
F	0	0-49	Қанағаттанарлықсыз

Қорытынды баға, егер білім алушы аралық бақылаулардың 50 ұпайдан кем емес орташа арифметикалық мәні болса және емтиханда 50 ұпайдан кем емес ұпай жинаған жағдайда есептелінеді.

Кері болған жағдайда, семестр бойы жиналған ұпайлар қосылмайды және білім алушы автоматты түрде қосымша семестрге қалдырылады.

### Емтихан бақылауы бойынша апелляция

Емтихан бойынша баға нәтижелерімен келіспеген білім алушы апелляцияға беруге құқығы бар.

Компьютерлік тестілеу түріндегі емтиханға апелляция компьютерлік тестілеу кезінде техникалық қателер жіберілген болса өткізіледі.

Компьютерлік тестілеу түріндегі емтиханға апелляция тест тапсырмаларының мазмұны пәннің бағдарламасына сәйкес келмеген жағдайда да өткізіледі. Мұндай жағдайда білім алушы емтихан аяқталғаннан кейінгі келесі күні 13.00 сағатқа дейін факультет деканының/ТжӘИ директорының атына өтініш жазуы тиіс. Факультет

деканы/ТжӘИ директоры күні бойына апелляцияны өткізудің негізделуі мен қажеттілігін қарастырады. Апелляция комиссиясының барлық мүшелері апелляция хаттамасына қолдарын қояды.

Компьютерлік тестілеу түрінде өткізілетін емтихан апелляциясының нәтижелері академиялық сұрақтар бойынша проректордың қарастырылуына беріледі және апелляция хаттамасымен деканат/директоратқа тапсырылады.

Ауызша және жазбаша емтиханның апелляциясына өтініш комиссияның қатысуымен емтихан аяқталғаннан кейін бірден факультет деканының/ТжӘИ директорының атына жазылады. Өтініш емтиханнан кейін келесі күні сағ. 13.00-ге дейін факультет деканатына/институт директорына ұсынылады, сонда тіркеледі. Факультет деканы/ТжӘИ директоры күні бойына апелляцияны өткізудің негізделуі мен қажеттілігін қарастырады. Оң шешім қабылдаған жағдайда, факультет деканы/институт директоры өкім арқылы пәндік апелляциялық комиссияны, апелляция өткізу мерзімі мен түрін бекітеді.

Ауызша немесе жазбаша түрде өткізілетін емтихан бойынша апелляция нәтижелері хаттамаланады, академиялық сұрақтар бойынша проректормен келісіледі, ТО қабылдаған шешімнің негізінде «апелляцияны қоса есептегенде» белгісімен жолдама беріледі.

### **Емтихан сессиясын жеке тапсыру шарттары**

Жекелеген жағдайда (денсаулық жағдайы, отбасы жағдайы, өзге де объективті себептер бойынша) факультет деканы/ТжӘИ директоры білім алушыға емтихан сессиясын жеке тапсыруға (алдын ала тапсыру немесе сессияны ұзарту) рұқсат беруі мүмкін. Сессияны жеке тапсыруға құқықты ұсынудың процедурасы төмендегідей:

- 1) білім алушы факультет деканы/ТжӘИ директоры атына, сессияны мерзімінен бұрын тапсырудың болжамды мерзімінен бір апта бұрын немесе оны ұзартқан кезде емтихан сессиясы басталмастан бір апта бұрын емтихан сессиясын жеке тапсыруға рұқсат беру туралы өтініш жазады. Емтихан сессиясы кезінде болған күтпеген жағдай болса және ол сессияның ұзартылуын талап етсе, білім алушы қоса берілген құжаттардың негізінде, болған жағдайдың фактісінен кейін үш күн ішінде сессияны ұзарту туралы өтініш беруі тиіс;
- 2) өтінішке емтихан сессиясын жеке тапсыру қажеттілігін негіздейтін құжаттар қоса беріледі;
- 3) өтініште факультет деканымен/ТжӘИ директорымен сессия мерзімі, оқу жоспарына сәйкес барлық пәндер мен аттестаттаудың барлық түрлері көрсетіледі;
- 4) қосымша ұпай жинау бланкісі толығырақ және емтиханға дейін 1 күн қалғанда тапсырылады.

Білім алушының дәлелді себепке байланысты факультет деканының/ТжӘИ директорының өкімі бойынша сессияны жеке тапсыру кезінде келесі тәртіп белгіленген:

- тіркеушімен білім алушыға жіберілу рейтинг қорытындысымен (сессияны мерзімінен бұрын тапсыру есептелінбейді, мұнда оқытушы жіберілу рейтинг қорытындысы қояды) жолдама беріледі;
- емтихан тапсыру түрі университеттің Ғылыми кеңесінде бекітілген түріне сәйкес келуі тиіс, сонымен бірге кафедра меңгерушісі компьютерлік тестілеу түріндегі емтиханға эксперт, жазбаша емтихан немесе ауызша емтиханды қабылдау үшін комиссияны тағайындайды.

Сессияны жеке тапсыру нәтижесі тіркеуші офисіне тапсырылады.

### Академиялық қарызды жою

Академиялық қарыз деп сессияның соңында пән және курстық жұмыс/жоба бойынша қорытынды баға «қанағаттанарлықсыз» және емтихан сессиясы соңында емтихан тізімдемесінде «келген жоқ» немесе «емтиханға жіберілмеген» деген белгі есептелінеді. Академиялық қарызды жою үшін білім алушы ақылы негіздегі қосымша семестр бойы сол пән бойынша жұмыс оқу жоспарымен қарастырылған барлық оқу сабақтарына қайта қатысып, курстық жұмысты/жобаны орындап және емтихан бақылауына кіруге рұқсат алуы тиіс.

### Келесі курсқа көшіру тәртібі

Үлгерімнің орташа ұпайының белгіленген деңгейін жинаған білім алушылар ректордың бұйрығымен келесі курсқа көшіріледі.

Білім алушы үлгерімінің орташа ұпайы (GPA) оқытудың барлық кезеңі үшін білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа өлшемді ұпайы ретінде анықталады, ол кредиттердің жалпы санына пән бойынша қорытынды бақылау бағасы ұпайларының сандық баламасына кредиттер қосындысы сомасының қатынасы ретінде анықталады; төмендегі формула бойынша есептелінеді:

$$GPA(СБ) = \frac{ЦЭ_1 \cdot K_1 + ЦЭ_2 \cdot K_2 + \dots + ЦЭ_n K_n}{K_1 + K_2 + \dots + K_n},$$

мұндағы:  $K_1, K_2 \dots K_n$  – кредиттермен берілетін игерілген пәндердің көлемі;

$n$  – барлық өткен курс бойынша игерілген пәндердің саны;

$ЦЭ_1, ЦЭ_2 \dots ЦЭ_n$ , – оқу жылының барлық пәндері бойынша қорытынды бағалар, дене шынықтыруды қоса есептегенде, сандық баламада төмендегі кестеге сәйкес:

### Білімді бағалаудың көпұпайлық жүйесі

Әріптік жүйе бойынша қорытынды баға	Қорытынды бағаның сандық баламасы (СБ)	Қорытынды ұпай (ҚҰ)	Қорытынды баға (ҚБ)
A	4	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1	50-54	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-49	

GPA пәндер кредитінің санынан және пән үшін сандық эквивалент ұпайынан есептелінеді:  $GPA = (3 \cdot 4,0 + 2 \cdot 3,0 + 3 \cdot 0 + 2 \cdot 1,67) / (3 + 2 + 3 + 2) = 2,13$

Егер білім алушының GPA-сы университетпен белгіленген үлгерімнің орташа ұпайына тең немесе одан жоғары болса, білім алушы академиялық қарыздарының барына қарамастан, келесі курсқа көшіріледі.

### Өз GPA қалай есептеуге болады?

Пән	Кредит саны	Ұпайдағы қорытынды баға	Әріптік жүйедегі баға	Сандық балама
Физика	3	98	A	4,0
Шет тілі	2	83	B	3,0
Философия	3	40	F	0
Тәжірибе	2	60	C-	1,67

GPA пән бойынша пәндердің кредиттер санынан және сандық балама ұпайынан есептелінеді:  $GPA = (3 \cdot 4,0 + 2 \cdot 3,0 + 3 \cdot 0 + 2 \cdot 1,67) / (3 + 2 + 3 + 2) = 2,13$

Егер GPA университетпен орнатылған үлгерімнің орташа ұпайына тең немесе жоғары болған жағдайда, білім алушы академиялық қарызы барын да, келесі курсқа ауыстырылады.

### Курстан курсқа көшіру ұпайлары

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-де білім алушыны курстан курсқа көшіру үшін үлгерімнің орташа ұпайы келесі түрде анықталады:

#### Бакалавриат

- 2 курс үшін – 1,5 кем емес;
- 3 курс үшін – 1,6 кем емес;
- 4 курс үшін – 2,0 кем емес;
- 5 курс үшін – 2,2 кем емес.

#### Магистратура

- 2 курс үшін – 2,8 кем емес;

#### Докторантура

- 2 курс үшін – 2,8 кем емес;
- 3 курс үшін – 3,0 кем емес;

Пән(дер) бойынша академиялық қарызы бар, келесі курсқа көшірілген білім алушы оларды келесі курс бойы ақылы негізде жоюы тиіс, себебі кері болған жағдайда, академиялық қарыздар оны әрі қарай келесі курсқа көшіру кезінде GPA есептелгенде ескеріледі. Мұндай жағдайда, міндетті компоненттің пәндері қайта оқытылады, ал таңдау бойынша курстар сол мамандық бойынша даярлық траекториясын бұзбайтын басқа элективті курстармен ауыстырылуы мүмкін.

Білім алушыларды курстан курсқа көшіру туралы шешім жазғы сессиядан кейін және қосымша семестр аяқталғаннан кейін қабылданады.

Үлгерімнің белгіленген орташа ұпайын (GPA) жинамаған білім алушы ақылы негізде сол курста қайта оқуға қалдырылады. Мұндай жағдайда, қайта оқуға келіссе, білім алушы тиісті өтініш жазады, академиялық қарызы бар пәндер бойынша білім беру қызметін көрсету туралы келісімшарттың қосымшасын ресімдейді.

Қайта оқуға қалдырылған білім алушылар – мемлекеттік білім беру гранттарының/тапсырыстарының иегерлері, білім беру грантынан/тапсырыстарынан айырылады және өзінің әрі қарай оқуын ақылы негізде жалғастырады.

Үлгерімнің орташа ұпайын жинаған және оқытудың келесі курсына көшірілген білім алушылар – мемлекеттік білім беру гранттарының/ тапсырыстарының иегерлері, академиялық қарыздары болса, білім беру гранттарынан/тапсырыстарынан айырылмастан, ақылы негізде тиісті пәндерді қайта игеруі және олар бойынша емтихан тапсыруы тиіс.

### **Қосымша семестр**

Қосымша семестр кезінде академиялық қарыз, академиялық айырмашылықты жою, курстарды қайта немесе қосымша игеру келесі студенттер категориясына беріледі:

- курстың бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ үлгерімнің белгіленген орташа ұпайын (GPA) жинай алмаған;
- үлгерімнің белгіленген орташа ұпайын жинаған, бірақ академиялық қарыз/академиялық айырмашылығы бар;
- түрлі себептермен қосымша курс бағдарламасын игеруге ниет білдірген (атап айтқанда басқа мамандыққа көшу не магистратураға түсу үшін).

Қосымша семестр кезінде студентке жоюға рұқсат етілетін кредиттер саны 9-дан аспауы тиіс.

Курстың бағдарламасын толық көлемде орындаған, бірақ үлгерімнің белгіленген орташа ұпайын (GPA) жинай алмаған білім алушыға, өзінің үлгерімінің орташа ұпайын арттыру мақсатында ақылы негізде жеке пәндерді жазғы (қосымша) семестрде қайта игеру мүмкіндігі беріледі («Қазіргі Қазақстан тарихы» пәнінен басқа).

Студент қосымша семестрде оқу үшін пәннің атауы мен кредит сандарын көрсете отыра, ректордың атына өтініш жазуы тиіс.

Қосымша семестрде оқытылуға білім беру қызметінің келісімшартын жасасу барысында әрекет еткен, бағасы бойынша білім беру қызметінің құнын төлеген студенттер жіберіледі.

Қосымша семестрде мамандықтың оқу жоспарымен бекітілген көлемінде пәнді толық оқыту және білімдерін бақылау жүргізіледі.

Қосымша семестрде студенттерді оқыту және білімдерін бақылау жүйесі академиялық кезеңдегі оқу үдерісін ұйымдастыру жүйесіне сәйкес келеді.

Қосымша семестрдің белгіленген төлем сомасына сәйкес білім алушы оқудың құнын төлейді және қосымша семестр басталғанша дейін 3 жұмыс күнінің ішінде білім беру қызметін көрсету туралы келісімшарт жасасады.

Емтихандар оқытудың теориялық курсы аяқталғаннан кейін қосымша семестрдің соңғы аптасындағы соңғы үш күн ішінде өткізіледі. Қосымша семестрде оқылған пәндер бойынша емтихандарды қайта тапсыруға болмайды.

«Қазіргі Қазақстан тарихы» мемлекеттік емтихан бойынша академиялық қарызы бар білім алушылар сол пәнді қосымша семестрде қайта оқып, ағымдық және кезеңдік бақылау талаптарын орындай отыра, «Қазіргі Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханға жіберіледі және Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының жұмысы кезінде оны тапсырады (қысқы, жазғы сессия).

## Ауыстыру

Білім алушы мынадай ауыстыруларға құқылы:

- бір мамандықтан өзге мамандыққа;
- басқа оқу орнынан;
- басқа оқу орнына;
- бір оқу түрінен басқаға;
- оқыту тілінің бірінен басқасына.

Білім алушыны бір мамандықтан басқаға, бір жоғары оқу орнынан басқаға ауыстыру кезектегі академиялық кезеңнің басталуына кем дегенде бес күн қалғанда, демалыс уақыты кезінде жүзеге асырылады.

Білім алушы мынадай ауыстыруларға құқылы: жұмыс оқу жоспарындағы айырмашылықтарды тапсыра отырып, бір жоғары оқу орнынан басқаға, оқытудың бір түрінен басқасына, бір мамандықтан өзге мамандыққа, оқыту тілінің бірінен басқасына, сонымен қатар жазғы және қысқы демалыс кезінде байқау негізде тиісті мамандық бойынша оқытудың ақылы түрінен мемлекеттік білім беру грантына оқуға ауысуға.

Білім алушының курстан курсқа көшуі үшін міндетті шарт – білім алушымен М.Қозыбаев атындағы СҚМУ-да белгіленген көшіру ұпайынан төмен емес үлгерімнің орташа ұпайын (GPA) жинау болып табылады.

Білім алушының жоғары оқу орнына ауысуы немесе оқуға қайта қабылданудың міндетті шарты – онымен 15 кредиттен кем болмайтын жеке оқу жоспарына сәйкес бірінші академиялық кезеңді толық аяқтау болып табылады. Сонымен бірге білім алушы оқуға қайта қабылданған кезде оқудан шығарылған мерзімге қарамастан, оқытудың кез келген түріне, кез келген мамандыққа және кез келген жоғары оқу орнына ауысуы немесе қайта қабылдануы мүмкін.

**Білім алушының бір жоғары оқу орнынан басқа жоғары оқу орнына ауысу процедурасы** келесі тәртіпте жүргізіледі:

1) басқа жоғары оқу орнына ауысуға ниет білдірген білім алушы өзі білім алатын жоғары оқу орнының басшысының атына ауысуы туралы өтініш жазады, мөр басылған ауысуға жазбаша келісім алған жағдайда, өзін қызықтыратын жоғары оқу орнының басшысына жүгінеді;

2) қабылдаушы жоғары оқу орны басшысының атына жазылған ауысуы туралы өтінішке мыналар қоса берілуі тиіс: ректормен, ТО жетекшісімен қолы қойылған және мөрі басылған транскриптінің көшірмесі; ұлттық бірыңғай тестілеу немесе кешенді тестілеу тапсыру туралы сертификат; білім беру гранты иегерінің куәлігі (егер ондай бар болса); өзі білім алған жоғары оқу орны басшысының атына жазылған өтініш (басшысының қолы қойылған және мөр басылған);

3) тіркеуші ұсынылған құжаттардың негізінде білім беру бағдарламасына сәйкес оқу кредиттерінің трансфертін толтырады, жұмыс оқу жоспарындағы айырмашылықты анықтайды және игерілген пререквизиттерге сәйкес курсты, топ пен семестрді белгілейді және білім алушының жеке оқу жоспарын деканмен/институт директорымен бекітеді;

4) жоғары оқу орнының жетекшісі білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарады;

5) академиялық айырмашылық болған жағдайда, білім алушы қосымша ақылы білім беру қызметін көрсету туралы келісімшарт жасасу туралы өтінішті рәсімдейді;

6) мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын білім алушы бір жоғары оқу орнынан басқа жоғары оқу орнына бір курсқа төмен немесе басқа мамандыққа ауысқан жағдайда, ол білім беру грантынан айырылады.

Мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын білім алушы бір жоғары оқу орнынан басқа жоғары оқу орнына, сол мамандығы және сол курсқа ауысқан жағдайда, білім беру гранты сақталады.

**Білім алушының бір жоғары оқу орнының ішінде бір оқу түрінен басқа оқу түріне, бір мамандықтан басқаға ауысуы** ақылы негізде келесі процедураға сәйкес жүзеге асырылады:

1) білім алушы тіркеуші офісінде М.Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының атына ауысу туралы өтініш жазады;

2) ректор білім алушыны оқытудың бір түрінен басқа түріне немесе бір мамандықтан басқа мамандыққа ауыстыру туралы бұйрыққа қол қояды.

## **Қайта қабылдау**

Қайта қабылдау білім беру ұйымының типі бойынша Білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау ержелеріне сәйкес жүргізіледі. Жоғары оқу орнынан оқудан шығарылған білім алушы шығарылған мерзіміне тәуелсіз түрде, кез келген оқу түріне, кез келген мамандыққа және кез келген басқа жоғары оқу орнына қайта оқуға қабылдануға құқығы бар.

Білім алушы шығарылған мерзімінің ұзақтығына тәуелсіз түрде, қайта оқуға қабылдануға құқылы. Қайта қабылданудың міндетті шарты жеке оқу жоспарына сәйкес бірінші академиялық кезеңді аяқтау болып табылады.

Күндізгі оқу бөлімі білім алушысының қайта қабылдануы туралы өтініші жазғы және қысқы демалыста кезекті академиялық кезең басталуға бес күн қалғанда, ал сырттай бөлім білім алушысының өтініші кезекті емтихан сессиясының басталуына кем дегенде бір ай қалғанда қарастырылады.

Оқуға төлемақы бойынша келісімшарт міндеттерін бұзғаны үшін оқудан шығарылған ақылы негізде оқитын білім алушы төлемақы қарызын жапқаннан кейін, бұйрық шыққан сәттен бастап төрт апта ішінде оқуға қайта қабылдана алады.

Қайта қабылдану үшін:

- қайта қабылданушы ректордың атына қайта қабылдануға өтініш білдіреді;
- қайта қабылданушы білім беру қызметін көрсетуге келісімшарт жасасады және оқуға төлемақы төлейді (күндізгі бөлімде 1 айға, сырттай бөлімде 6 айға төлемақы);
- тіркеуші оқу жоспарындағы айырмашылықты анықтап, ұсынылған анықтама негізінде оқу кредиттерінің трансфертін толтырады;
- өтініш ректормен куәландырылады;
- білім алушылар контингентінің қозғалысы туралы бұйрық шығарады.



## Оқудан шығару

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ Жарғысы және Ішкі тәртіп ережелерін бұзған білім алушыға ТжӘИ директоры/факультет деканының өкімі негізінде мына тәртіптік жаза қолданылады:

- ескерту;
- сөгіс;
- оқудан шығару.

Білім алушының жеке өтініші негізінде оқудан шығарылады:

- өз қалауы бойынша;
- басқа ЖОО-на ауысуға байланысты.

Білім алушы оқудан шығарыла алады:

- СҚМУ Жарғысы және Ішкі тәртіп ережелерін бұзған жағдайда:
  - бір семестрде дәлелді себебі жоқ 40 не одан көп академиялық сағат босатқан үшін;
  - негізгі білім беру қызметінің келісімшарт шарттарын орындамаған үшін;
- академиялық демалыс аяқталғаннан кейінгі 3 күн ішінде дәлелді себепсіз шықпаған үшін;
- қорытынды аттестаттауға келмеген үшін;
- студенттік жатақханада тұру Ережесін бұзғаны үшін;
- «Білім туралы» ҚР заңын және заң актілерін бұзғаны үшін.

Университеттен шығарылған білім алушыға оқылған пәндердің тізімі мен сағат және кредиттер көлемі көрсетілген мемлекеттік үлгідегі анықтама беріледі.

## Академиялық демалыс ұсыну

**Академиялық демалыс** – бұл денсаулық жағдайы және басқа да ерекше жағдайларға байланысты өзінің оқуын уақытша тоқтату кезеңі.

Академиялық демалысты ресімдеу үшін білім алушы ректордың атына өтініш жазып, оқуын уақытша тоқтату негізін растайтын құжаттарды тапсырады.

Медициналық құжаттар бойынша білім алушыға академиялық демалыс мына негіздерде беріледі:

1) науқасы бойынша 6 айдан бастап 12 айға дейінгі ұзақтылықпен амбулаторлы-емханалық ұйымның дәрігерлік-консультативтік комиссиясының (ары қарай – ДКК) тұжырымдамасы;

2) туберкулезбен науқастануы жағдайында туберкулезге қарсы медициналық ұйымның Орталық дәрігерлік-консультативтік комиссиясының тұжырымдамасы.

Академиялық демалыс білім алушыларға ұсынылуы мүмкін мына негіздерде:

1) Заңнамамен бекітілген жағдайда, Қазақстан Республикасы Қарулы күштерінің қатарына шақыруы бойынша әскери қызметте болған кезеңде;

2) Заңнамамен бекітілген жағдайда, бала туу, 3 жасқа дейінгі ұзақтылықпен нәрестені асырап алуда.

Шешім оң шешілген жағдайда, ректор білім алушыға басталу және аяқталу мерзімі көрсетілген академиялық демалыс беру туралы бұйрық шығарады.

Мемлекеттік грант бойынша оқитын білім алушыға академиялық демалыс беру барысында оның осы грант бойынша оқу құқығы сақталып, академиялық

демалыс кезінде оны қаржыландыру тоқтатылады да, академиялық демалыс аяқталғаннан кейін қайта жалғастырылады.

Ақылы негізде оқитын білім алушыға академиялық демалыс беру барысында оқуға төлемақы жасау тоқтатылады.

Академиялық демалыстан қайтып келген білім алушы кезекті семестрдің басталуына 3 жұмыс күні қалғанда академиялық демалыстан шығу туралы Ректордың атына өтініш жазып, денсаулығы бойынша бақыланған емдеу ұйымынан оқуға рұқсат етілген денсаулық жағдайы туралы ДКК анықтамасы не ҚР Қарулы күштерінің қатарынан келген әскери билетінің көшірмесін тапсырады. Өтініш негізінде Ректор мамандығы, курсы және тобы көрсетілген білім алушының академиялық демалыстан шығуы туралы бұйрық шығарады.

Академиялық демалыстан шыққаннан кейін білім алушы ректордың атына өтініш жазып, мамандығы бойынша оқуын жалғастыру мүмкіндігі туралы тұжырымдамасы бар денсаулығы бойынша бақыланған емдеу ұйымынан денсаулық жағдайы туралы ДКК анықтамасын тапсырады.

Оқыту курсы пререквизиттері ескерілген ережелері бойынша білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау жағдайы анықталады.

Егер академиялық демалыстан шығу немесе академиялық демалысқа шығу күні академиялық демалыстың басталуы мен аяқталуына сәйкес келмеген жағдайда, білім алушы жеке кесте бойынша барлық оқу тапсырмаларын орындап, емтиханға жіберу рейтингісіне қажет ұпайды жинайды немесе айырмашылық пайда болған пәндер бойынша жазғы семестрге жазылады.

## **Бос гранттар**

Жоғары білім алу үдерісінде босатылған, бос білім беру гранттарын беру тәртібі Ережесімен бекітілген.

Жоғары білім алу үдерісінде босатылған, бос білім беру гранттары оқыту мамандықтарының бөлінісінде байқау негізінде осы мамандық бойынша ақылы негізде оқитын білім алушыларға беріледі. Байқау білім беру грантын беру туралы куәлікті берумен қоса аралық аттестаттаудың нәтижелері бойынша өткізіледі.

Бос білім беру грантын алуға арналған байқауды өткізу кезінде үлгерімінің орташа ұпайының бірдей болған жағдайда, барлық оқу кезеңі ішінде тек қана А, А- («үздік»), содан соң А, А- («үздік») бағаларынан В+, В, В- («жақсы») бағаларына дейін бар білім алушылар басым құқыққа ие болады.

**Жоғары білім алу үдерісінде босатылған, бос білім беру гранттарын беру процедурасы,** жазғы және қысқы демалыс кезеңінде байқау негізінде бар бос орындарға мынадай тәртіппен жүзеге асырылады:

1) ақылы негізде білім алушы М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының атына одан әрі білім беру гранты бойынша оқуға өтініш береді;

2) жоо өтінішті байқау негізінде қарап, Ғылыми кеңесінің шешімімен бірге ағымдағы жылғы 5 тамыз бен 15 қаңтарға дейінгі мерзімде шешім қабылдау үшін ҚР БжҒМ жібереді. Білім алушының өтінішіне Оқу кеңесінің шешімімен қоса, білім алушының сынақ кітапшасынан немесе транскриптінен үзінді, жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі және жоо-нан шығарылған білім беру гранты иегерінің куәлігі (түпнұсқа) қоса беріледі.

3) білім беру грантын беру туралы берілген куәлік негізінде ректор білім беру гранты бойынша одан әрі оқуға бұйрық шығарады.

## **Шәкіртақылар**

Мемлекеттік шәкіртақы емтихан сессиясының нәтижесімен алған мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын білім алушыға тағайындалады, оның баға эквиваленті «үздік», «жақсы» бағаларына сәйкес келуі тиіс және емтихан сессиясынан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, семестр аяқталатын айдың аяғына дейін төленеді.

Мемлекеттік білім беру гранты негізінде бірінші курсқа (оқудың бірінші жылы) қабылданған студенттерге бірінші семестрде мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады және бірінші семестр бойы ай сайын төленеді. Келесі семестрлерде студенттерге мемлекеттік шәкіртақы өткен семестрдің емтихан сессиясының нәтижелері бойынша тағайындалады.

Көруі және естуі бойынша мүгедектерге, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған және қамқоршысы бар балаларға, мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын білім алушыларға емтихан сессиясының нәтижелері бойынша академиялық қарызы болмағанда немесе білім алушылардың аралық аттестаттауының нәтижесі бойынша қанағаттанарлықсыз деген баға болмаған жағдайда мемлекеттік шәкіртақы төленеді.

Бір оқу орнынан басқаға ауысқан студенттерге оқу жоспарындағы айырмашылықтарды жойғаннан кейін ғана барып мемлекеттік шәкіртақы тағайындалады және төленеді.

Медициналық тұжырымдама негізінде берілген академиялық демалыстан басқа академиялық демалыстағы студентке мемлекеттік шәкіртақы төленбейді.

Академиялық демалыстан шыққан білім алушыға мемлекеттік шәкіртақыны тағайындау және төлеу оқу жоспарында айырмашылығы болмаса және емтихан сессиясының нәтижесі бойынша жүзеге асырылады.

Шәкіртақыны төлеу төлем картасы немесе ағымдағы шотқа аудару арқылы жүзеге асырылады.

## **Президент шәкіртақысы**

Студенттердің ғылыми-зерттеу және оқу-танушылық қызметін ынталандыру мақсатында, дарынды да зерек студенттерді қолдау үшін, мемлекеттік білім беру гранты негізінде және ақылы негізде оқитын, ғылыми, қоғамдық және спорт жұмысына белсенді қатысатын білім алушыларға баға эквиваленті «үздік» баға эквивалентіне тең болған жағдайда, Қазақстан Республикасы Президентінің шәкіртақысы тағайындалады. Күндізгі оқу бөлімі студенттеріне шәкіртақы 3 курста тағайындалады. Шәкіртақы бір академиялық кезеңге тағайындалады.

ҚР Президентінің шәкіртақысын беру байқауына қатысу үшін, білім алушы келесі құжаттарды тапсыруы тиіс:

1. Ректор атына жазылған өтініші.
2. Транскрипт.
3. Жеке куәлігінің көшірмесі.

4. Ғылыми еңбектерінің тізімі (факультет/институт декан орынбасарымен білім беру порталына енгізіледі).
5. Грамота, алғыстар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, олимпиадалар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б. қатысқаны туралы сертификаттарының көшірмелері.
6. Институт директоры/факультет деканының ұсынысы.

### **Манаш Қозыбаев атындағы грант**

Манаш Қозыбаев атындағы грант студентке университет есебінен оқу құқығын береді. Байқауға күндізгі оқу бөлімінің студенттері қатыса алады:

- 2 курс және одан да жоғары курста білім алушылар;
- өткен семестрдегі бағалары тек «үздік» (А, А-) және «жақсы» (В+, В, В-) баға эквивалентіне тең;
- СҒҰ, олимпиада, ғылыми семинарлар, конференциялар, универсиада, ҚР және әлем чемпионаттарына, шығармашылық байқаулары, университеттің мәдени-кәсіби және тәжірибе ісіне және т.б. белсенді қатысқандар.

Байқауға қатысу үшін, білім алушы мына құжаттарды тапсыруы тиіс:

1. Ректор атына жазылған өтініші.
2. Транскрипт.
3. Жеке куәлігінің көшірмесі.
4. Ғылыми еңбектерінің тізімі (факультет/институт декан орынбасарымен білім беру порталына енгізіледі).
5. Грамота, алғыстар, ғылыми-тәжірибелік конференциялар, олимпиадалар, семинарлар, дөңгелек үстелдер және т.б. қатысқаны туралы сертификаттарының көшірмелері.
6. Институт директоры/факультет деканының ұсынысы.

Ректор бұйрығымен бекітілген гранттар бойынша комиссия тапсырылған құжаттарды қарастырып, грант алуға ұсыну туралы шешім қабылдайды.

Академик Манаш Қозыбаев атындағы грант алу байқауына кәсіпорын, ұйым, мекеме және қор есебінен оқып жатқан студенттер қатыса алмайды.

Грант беру туралы бұйрық соңғы сессиядан кейінгі семестрге ғана қатысты әрекет етеді және алдыңғы, келесі семестрлерге қолданылмайды.

Гранттың әрекет ету мерзімі ішінде студент оқу тәртібін бұзған болса, бұзушылық жасаған сәттен бастап гранттан айрылады. Гранттан айыру туралы шешімді институт директоры/факультет деканының ұсынысы бойынша ректор қабылдайды.

### **М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының гранты**

М. Қозыбаев атындағы СҚМУ ректорының гранты студентке университет есебінен оқуға (шәкіртақысыз) құқық береді.

Байқауға күндізгі оқу бөлімінің студенттері қатыса алады:

- 2 курс және одан да жоғары курста оқитындар;
- өткен семестрдегі бағалары тек «үздік» (А, А-) және «жақсы» (В+, В, В-) баға эквивалентіне тең;

Үлгерімі жағынан тең студенттер болған жағдайда, басым құқықты әлеуметтік қорғалмаған топтан шыққандар пайдаланады (мүгедек студенттер, жетім және толық емес/көпбалалы/аз қамтылған отбасынан шыққан және ата-анасы мүгедек/зейнеткер студенттер).

Байқауға қатысу үшін, білім алушы мына құжаттарды тапсыруы тиіс:

1. Ректор атына жазылған өтініші.
2. Транскрипт.
3. Жеке куәлігінің көшірмесі.
4. Студенттің әлеуметтік мәртебесін растайтын құжат.
5. Институт директоры/факультет деканының ұсынысы.

Грант беру туралы бұйрық соңғы сессиядан кейінгі семестрге ғана қатысты әрекет етеді және алдыңғы, келесі семестрлерге қолданылмайды.

Гранттың әрекет ету мерзімі ішінде студент оқу тәртібін бұзған болса, бұзушылық жасаған сәттен бастап гранттан айрылады. Гранттан айыру туралы шешімді институт директоры/факультет деканының ұсынысы бойынша ректор қабылдайды.

## **Әлеуметтік жеңілдіктер және оқу үшін төлемақы бойынша жеңілдіктер**

Мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын студенттерге жылына екі рет жолға (үйге бару) өтемақы төленеді.

Мемлекеттік білім беру гранты бойынша жетім-студенттерге ай сайын тамақтануға мемлекеттік төлем жасалынады. Жетім және ата-анасының қамқорынсыз қалған студенттерге жатақханада тегін тұру түріндегі жеңілдік қарастырылған.

Мүгедек, аз қамтылған азаматтар қатарынан шыққан студенттерге күн сайын ыстық тамақ ұйымдастырылады.

«Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарлама бөлімі» ММ аз қамтылған отбасынан шыққан, қалалық тұрғылықты мекен-жайы бар және ЖОО-ның күндізгі оқу бөлімінде ақылы негізде оқып жатқан студенттеріне әлеуметтік көмек көрсетеді.

Оқытудың күндізгі бөлімінде ақылы негізде оқитын білім алушыларға оқу үшін төлемақы бойынша жеңілдіктер ұсынылады:

1. Оқу жылының емтихан сессиясын «**A**», «**A-**», «**B+**» бағалармен жақсы тапсырған студенттер мен магистранттарға келесі оқу жылында оқу үшін төлемақы төмендетіледі: 1 жылы – 5%, 2 жылы – 10%, 3 жылы – 15%, 4 жылы – 20%.

2. 1 курсқа оқуға түсу кезінде оқу үшін төлемақы бойынша мына жеңілдіктер ұсынылады:

➤ Ерекше үлгідегі аттестаты немесе үздікпен техникалық кәсіптік білім беру туралы дипломы бар талапкерлеріне;

➤ Аттестаты, немесе техникалық және кәсіптік білім беру туралы дипломының орташа ұпайы 4,5-тен және одан жоғары талапкерлерге;

➤ М. Қозыбаев атындағы СҚМУ-де өткізілетін олимпиадаларда жүлделі орындарға ие болу туралы грамоталары бар талапкерлеріне;

➤ Жалпы білім беру пәндері бойынша Республикалық олимпиаданың облыстық турлары мен ғылыми жоба Республикалық байқауларының жеңімпаздары, талапкерлеріне;

- Пән олимпиадалары және СҒЗЖ Республикалық байқау жүлдегерлері, талапкерлеріне;
  - Аз қамтылған отбасылары балаларына (ата-аналары мүгедек, екі ата-анасы да зейнеткер);
  - Отбасынан бірнеше мүше университетте біруақытта оқытылған кезде;
  - Ата-ананың қамқорынсыз қалған студенттерге;
  - Жетімдерге;
  - Мүгедек студенттерге;
  - Университет қызметкерлерінің балаларына;
  - Жоғары кәсіптік білім беру туралы үздікпен дипломы бар оқытудың 1 курс магистранттарына;
  - Жоғары кәсіптік білім беру туралы «үздік» және «жақсы» (орташа ұпайы 4,5-тен және жоғары, немесе GPA – 3,7 және жоғары) бағаларымен дипломы бар оқытудың 1 курс магистранттарына;
  - Магистратураға түскен М. Қозыбаев атындағы СҚМУ түлектеріне;
3. Оқу үшін төлемақы бойынша жеңілдіктер ұсынылатын болады:
- Декандар және спорт клуб жетекшісінің ұсыныстары бойынша Ғылыми кеңес шешімі негізінде спортшыларға (университет командасының құрама мүшелеріне).
4. Оқуға түсу кезінде «Алтын белгі» иегерлеріне «Ректор гранты» тағайындалады. Бірінші курсқа арналған оқу үшін төлемақы бойынша жеңілдіктер 1 семестрге ұсынылады. Оқу жылының қысқы емтихан сессиясын «А», «А-», «В+» бағалармен жақсы тапсырған студенттер мен магистранттарға оқу жылының соңына дейін оқу үшін төлемақы жеңілдіктерін ұсыну ұзартылады.

## Қашықтықтан оқыту

**Қашықтықтан білім беру технологиясы (ҚБТ)** – білім алушы мен педагогикалық жұмысшының өзара әрекеттесуі жанама (қашықтықта) немесе толық емес жанама кезінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдарды қолданумен жүзеге асырылатын оқытудың технологиясы.

Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқытудың басымдықтары:

- оқу материалы білім алушыларға ақпараттық технологиялар құралдарымен жеткізіледі;
- кеңес «on-line» тәртібінде ұйымдастырылады және өткізіледі;
- білім алушымен кері байланыс «on-line» тәртібінде ұйымдастырылады;
- білім алушының оқу жетістіктері «on-line», «off-line» тәртібінде бақыланады.

Қашықтықтан білім беру технологиясы бойынша оқу қызметінің технологиясы қашықтықтан оқытуды (eLearningNKZU) басқару жүйесінің негізінде жүзеге асырылады және білім алушыға арналған мынадай шаралары бар:

- ұйымдастыру шараларында қашықтықтан оқыту жүйесінің жұмысы бойынша нұсқама жүргізіледі және пайдаланушы карточкасы беріледі;
- қашықтықтан барлық пәндер бойынша оқу материалдары беріледі;
- қашықтықтан курстың барлық on-line шараларына қатысады (кеңес, семинар, форумдар, конференциялар);
- өзін-өзі тексеру және тренинг тәртібінде тестілеуден өтеді;

- студент университетте болған кезде, келу тәртібінде өткізілетін, емтихан және мемлекеттік емтихан, курстық және диплом жоба (жұмыс) қорғау кестелері беріледі;
- кез-келген уақытта университеттің тьюторлық сыныбында жұмыс істей алады.

on-line оқыту үшін келесі бағдарламалық және техникалық қамтамасыз ету қажет:

- Ғаламтор және веб-браузерге қолжетімділігі;
- Adobe Flash Player компоненті(Adobe сайтынан орнатуға болады);
- MS Office бағдарламалары және оның аналогтары;
- колонкалар, құлаққаптар немесе кіріктірілген динамик;
- микрофон;
- вэб-камера.

Білім алушы, қашықтықтан білім беру және оқытуды ақпараттандыру бөлімінде растау құжаттарының өтінішін растайтын оқытуда ҚБТ пайдалану мүмкіндігі туралы дәлелді негіздемемен университет ректорының атына өтініш жазады (№5 оқу ғимараты, 221 дәрісхана).

**Телефоны:** +7 (7152) 493233 1152

**Мекен-жайы:** Петропавл қ., Интернационал к-сі, 26, 5 оқу ғимараты, 221, 216 дәрісханалар.

## ЖОО құрылымы

Университетті ректор - экономика ғылымының докторы, профессор **Серік Мәуленұлы Өмірбаев** басшылық етеді.

## Факультеттер және институт

### Тіл және әдебиет институты (ТЖӘИ)

Институт филология, журналистика саласындағы бакалавриат, магистратура бағдарламалары бойынша жоғары білікті мамандарды даярлайды, сонымен қатар аудармашыларды шығарады. Қазіргі кезде біздің түлектеріміз тек облыс, қала мектептерінде ғана емес, халықаралық ұйымдарда да жұмыс істеп, қазақ, орыс, неміс және ағылшын тілдерінен алған білімдерін қолдануда.

**Мекен-жайы:** Петропавл қ., Пушкин к-сі, 86 (№3 оқу ғимараты)

**Телефоны:** +7 (7152) 463491

Мекен-жайы	Кабинет	Дәрісхана/ оқу ғимараты №	Телефоны
<b>Герман филологиясы кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 86	меңгеруші	255/3	+7 (7152) 462796 1092
	оқытушылар	257/3	+7 (7152) 462796 1133
	зертханашылар	250/3	+7 (7152) 462796 1091
<b>Шет тілдер кафедрасы</b>			
Интернационал к-сі, 26	меңгеруші	305/5	+7 (7152) 493177 1140
	оқытушылар	308/5	+7 (7152) 493177 1215
<b>Қазақ тілі кафедрасы</b>			
Жұмабаев к-сі, 114	меңгеруші	304/6	+7 (7152) 494042 1187
	оқытушылар	320/6	+7 (7152) 494042 1204
<b>Қазақ филологиясы кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 86	меңгеруші	343/3	+7 (7152) 462796 1145
	оқытушылар	346/3	+7 (7152) 462796 1143
	оқытушылар / зертханашылар	342/3	+7 (7152) 462796 1144
<b>Орыс тілі мен әдебиеті кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 86	меңгеруші	251/3	+7 (7152) 462796 1134
	преподавательская	155/3	+7 (7152) 462796 1085
	зертханашылар	256/3	+7 (7152) 462796 1137
<b>Журналистика кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 86	меңгеруші	251/3	+7 (7152) 462796 1134

### Инженерлік-техникалық факультет (ИТФ)

Факультет көлік, құрылыс, радиоинженерия, машинажасау және стандарттау саласында техника және технология бакалаврларын даярлайды. Факультет түлектері ЖОО-лар, ғылыми-зерттеу институттары, АКК, құрылыс ұйымдары, түрлі деңгейдегі әкімдер аппараттары, жол полициясында қызмет етеді. Көптеген түлектеріміз экономикалық қызметтің түрлі салаларында кәсіпкерлер болып табылады. Кейбір түлектер магистратурада, докторантурада ЖОО-нан кейінгі білімдерін жалғастыруда.



**Мекен-жайы:** Петропавл қ., Пушкин к-сі, 83 (№4 оқу ғимараты)

**Телефоны:** +7 (7152) 369212

Мекен-жайы	Кабинет	Дәрісхана/ оқу ғимараты №	Телефоны
<b>Көлік және машинажасау кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 83	меңгеруші	312/4	+7 (7152) 462796 1159
	оқытушылар	202/4	+7 (7152) 462796 1176
		204/4	+7 (7152) 462796 1054
		314/4	+7 (7152) 462796 1160
оқытушылар / зертханашылар	205/4	+7 (7152) 462796 1164	
<b>Энергетика және радиоэлектроника кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 83	меңгеруші	401/4	+7 (7152) 493467 2001
	оқытушылар	403/4	+7 (7152) 493467 1154
	оқытушылар / зертханашылар	405/4	+7 (7152) 493467 2222

### Педагогика факультеті (ПФ)

Факультетте педагогикалық және шығармашылық бағыттағы сегіз мамандық бойынша оқыту жүзеге асырылады. Педагогика факультеті Солтүстік Қазақстан облысындағы білім беру жүйесінің мекемелеріне әдістемелік көмек көрсетіп, Қазақстан, Ресей және ТМД-ның басқа да елдерінің алдыңғы қатарлы ЖОО-ларымен тығыз байланыс құруда.

**Мекен-жайы:** Петропавл қ., Пушкин к-сі, 87 ( №10 оқу ғимараты)

**Телефоны:** +7 (7152) 464895

Мекен-жайы	Кабинет	Дәрісхана/ оқу ғимараты №	Телефоны
<b>Музыка пәндері кафедрасы</b>			
Бостандық к-сі, ба	меңгеруші	223/№1 жатақхана	+7 (7152) 494042 1102
	зертханашылар	224/№1 жатақхана	+7 (7152) 494042 1103
<b>Дене және әскери тәрбиесі теориясы мен әдістемесі кафедрасы</b>			
	меңгеруші	281/СЗ№2	+7 (7152) 462796 1094
	оқытушылар	137/1	+7 (7152) 462796 1052
		280/СЗ№2	+7 (7152) 462796 1053
	зертханашылар	136/1 283/СЗ№2	+7 (7152) 462796 1053
<b>Дене шынықтыру кафедрасы</b>			
Жұмабаев к-сі, 114	меңгеруші	206/6	+7 (7152) 493202 1283
	оқытушылар	122/6	+7 (7152) 493202 1245
	зертханашылар		
<b>Педагогика және психология кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 87	меңгеруші	420/10	+7 (7152) 493202 1263
	оқытушылар	412/10	+7 (7152) 493202 1260
		421/10	
	зертханашылар	414/10	+7 (7152) 493202 1157

<b>Бастапқы және мектепке дейінгі білім берудің теориясы мен әдістемесі кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 87	меңгеруші	520/10	+7 (7152) 493202 1184
	оқытушылар	506/10 507/10	
	зертханашылар	515/10	+7 (7152) 493202 1166

### **Жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдары факультеті(ЖАҒФ)**

Факультет химия, биология, география мұғалімдерін, экология, география, химия, химия технологиясы және ауыл шаруашылығы саласындағы бакалаврларын, магистранттарды даярлайды. Факультет түлектері мектеп, лицей, техникум және училищелерде, ауыл шаруашылық, өндіріс, экология және табиғат қорғау ұйымдарында қызмет етеді.

**Мекен-жайы:** Петропавл қ., Пушкин к-сі, 88 ( №2 оқу ғимараты)

**Телефоны:** +7 (7152) 493797

<b>Мекен-жайы</b>	<b>Кабинет</b>	<b>Дәрісхана/ оқу ғимараты №</b>	<b>Телефоны</b>
<b>География және экология кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 88	меңгеруші	328/2	+7 (7152) 493233 1045
	оқытушылар	422a/2	
	зертханашылар	326a/2	+7 (7152) 493233 1046
<b>Жалпы биология кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 88	меңгеруші	315/2	+7 (7152) 493233 1032
	оқытушылар	327/2 329/2	+7 (7152) 493233 1047
	зертханашылар	310/2	
<b>Химия және химиялық технологиялар кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 88	меңгеруші	422/2	+7 (7152) 493233 1043
	оқытушылар	415a/2	
	зертханашылар	413/2	+7 (7152) 493233 1048 +7 (7152) 493233 1040
<b>Ауыл шаруашылығы кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 88	меңгеруші	333/2	+7 (7152) 493233 1035
	оқытушылар	303/2 317/2	+7 (7152) 493233 1217 +7 (7152) 493233 1033
	зертханашылар	331/2	+7 (7152) 493233 1035

### **Ақпараттық технологиялар факультеті (АТФ)**

Факультет математика, физика, информатика мұғалімдерін, информатика және астрономия саласында жаратылыстану бакалаврларын, ақпараттық жүйе саласында техника және технология бакалаврларын, сонымен қатар магистрлер мен докторанттарды даярлайды.

**Мекен-жайы:** Петропавл қ., Интернационал к-сі, 26 ( №5 оқу ғимараты)

**Телефоны:** +7 (7152) 464249

<b>Мекен-жайы</b>	<b>Кабинет</b>	<b>Дәрісхана/ корпус.№</b>	<b>Телефоны</b>
<b>Ақпараттық жүйе кафедрасы</b>			
Интернационал к-сі, 26	меңгеруші	209/5	+7 (7152) 462796 1221

	оқытушылар	207/5	+7 (7152) 462796 1222
	зертханашылар	213/5	+7 (7152) 462796 1224
<b>Математика және информатика кафедрасы</b>			
Интернационал к-сі, 26	меңгеруші	404/5	+7 (7152) 462796 1229
	оқытушылар	401a/5	+7 (7152) 462796 1216
			+7 (7152) 462796 1227
			+7 (7152) 462796 1228
зертханашылар	4016/5	+7 (7152) 462796 1226	
<b>Физика кафедрасы</b>			
Интернационал к-сі, 26	меңгеруші	307/5	+7 (7152) 462796 1232
	оқытушылар	304/5	+7 (7152) 462796 1234
	зертханашылар	411/5	+7 (7152) 462796 1231

### **Тарих, экономика және құқық факультеті (ТЭҚФ)**

Факультет кафедраларында магистрлер мен бакалаврлар даярланады. Профессорлық-оқытушылық құрамы және студенттер халықаралық, республикалық және аймақтық деңгейде өткізілетін оқу, ғылыми және қоғамдық шараларға белсенді қатысады.

**Мекен-жайы:** Петропавл қ., Жұмабаев к-сі, 114 (№6 оқу ғимараты)

**Телефоны:** +7 (7152) 461320

<b>Мекен-жайы</b>	<b>Кабинет</b>	<b>Дәрісхана/ корпус№</b>	<b>Телефоны</b>
<b>Қазақстан тарихы және әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар кафедрасы</b>			
Пушкин к-сі, 86	меңгеруші	241/3	+7 (7152) 493202 1139
	оқытушылар	247/3	+7 (7152) 493202 1136
		259a/3	
	зертханашылар	240/3	+7 (7152) 493202 1141
<b>Құқық пәндері кафедрасы</b>			
Жұмабаев к-сі, 114	меңгеруші	220/6	+7 (7152) 493177 1240
	оқытушылар	222/6	+7 (7152) 493177 1237
		422/6	+7 (7152) 493177 1196
	зертханашылар	221a/6	+7 (7152) 493177 1242
<b>"Қаржы және несие" кафедрасы</b>			
Жұмабаев к-сі, 114	меңгеруші	416/6	+7 (7152) 493177 1202
	оқытушылар	410/6	+7 (7152) 493177 1194
	зертханашылар	418a/6	+7 (7152) 493177 1194
<b>Экономика және есеп кафедрасы</b>			
Жұмабаев к-сі, 114	заведующий	313/6	+7 (7152) 493177 1189
	преподавательская	315a/6	+7 (7152) 493177 1188
		420/6	+7 (7152) 493177 1200
	зертханашылар	312/6	

## Кітапхана

М.Қозыбаев атындағы СҚМУ кітапхана кешені – техникалық қамтамасыздандыру бойынша қазіргі заманға сай және оқырмандаға қызмет көрсету бойынша жайлы. Кітапханаға оқырмандарды жазу студенттік билетті көрсету арқылы жүргізіледі. Оқырман билеті оқу залының кітаптар қорымен және кітапхана кешенінің абонементтерімен пайдалану құқығын беретін жалғыз құжат болып табылады. Суденттерге оқу кезеңінің басынан аяғына дейін кітапхана кешенінің оқу залдарында пайдалануға тұрақты оқырман билеті беріледі.

Оқырмандардың оқырман билетін басқа тұлғаға беруге және басқа біреудің оқырман билетімен пайдалануға құқығы жоқ.

Оқырман билетін жоғалтқан жағдайда, бір айдан соң кету парағы мен фотосурет тапсырғаннан кейін көшірме нұсқасы беріледі. Диплом алар алдынан оқырмандар оқырман билетін тапсырып, кету парағына кітапхана кешені бөлімдерінің қолдарын қоюы тиіс.

Барлық залдарда ақпараттық ресурстарға қолжетімділікті қамтамасыз ету үшін жергілікті желіге қосылған 130-дан астам заманауи компьютер орнатылған. Пайдаланушыларға Ғаламтор ресурстарын сымсыз пайдалану, Республикалық ЖООаралық электронды кітапхананың корпоративті ресурстары, Кітапханалардың Ақпараттық консорциум қауымдастығы, Қазақстандық ұлттық электронды кітапхана және ЖОО-мыздың өз ресурстары қолжетімді.

Электронды кітапхана келесі қызмет көрсетулерді ұсынады:

1. Оқу-әдістемелік әдебиеттің электронды түрлерімен жұмыс.
2. Газет және журналдардың электронды түрлерімен жұмыс.
3. Мультимедиалық оқыту бағдарламаларымен жұмыс.
4. Ғаламтормен жұмыс.
5. Электронды почтамен жұмыс.
6. CD-ге ақпараттық файлдарды жазу.

## Студенттерді қолдау қызметі

### Тіркеу офісі

**2 ғимарат, 106 дәрісхана**

**+7 (7152) 493405**

Тіркеу бөлімі білім алушылардың оқу пәндері мен оқытушыларды таңдау үдерісін басқарып, академиялық топ және лектерді қалыптастыру, білім алушылардың академиялық үлгерімін қалыптастыру және жазылуын сақтаумен айналысады. Білім алушылардың академиялық үлгерімін тіркеуді және есепке алуды жүргізеді. Оқу үдерісі мәселелері бойынша білім алушылар, оқытушылар, кураторлар және тәлімгерлермен (эдвайзер) консультациялық жұмысты ұйымдастырады. Диплом және диплом қосымшаларының көшірме нұсқасын береді.

Мамандық бойынша тіркеушілер:

- |                                |                                |
|--------------------------------|--------------------------------|
| 1. +7 (7152) 494042, доб. 1083 | 3. +7 (7152) 494042, доб. 1095 |
| 2. +7 (7152) 494042, доб. 1198 | 4. +7 (7152) 494042, доб. 1199 |

### Қызметкерлерді басқару

**2 ғимарат, 219 дәрісхана**

**+7 (7152) 369468**

Персоналды басқару кадрларды таңдау және орналастыру бойынша жұмысты ұйымдастырып, университеттің әскери міндеттілер мен шақырылғындардың әскери есебін жүргізеді.

### Мұрағат

**6 ғимарат, 225 дәрісхана**

**+7 (7152) 493233, қос. 1244**

Мұрағат аяқталған ісжүргізу құжаттарының материалдарын сақтау, есепке алу, практикалық және ғылыми қолданылуын ұйымдастырып, мұрағат анықтамаларын рәсімдеуге өтініштер қабылдайды.

### Экономикалық жоспарлау және талдау бөлімі

**2 ғимарат, 214 дәрісхана**

**+7 (7152) 493839**

Қызмет қаржы-шаруашылық қызмет жоспары, шаттық кесте дайындау, мамандықтар бойынша мақсатты дайындыққа прејскурант жасау және университеттегі басқа да қызмет көрсету түрлерімен айналысады, атап айтқанда студенттер, білім алушылармен мемлекеттік тапсырыс есебінен келісімшарт жасасу, қызметкерлерге кейбір қаржылық сұрақтар бойынша және білім алушылар мен оның ата-аналарына оқуға төлемақы туралы кеңес берумен және т.б. айналысады.

### Әскери кафедрасы

**7 ғимарат, 101 дәрісхана**

**+7 (7152) 369474**

Әскери кафедрасы Қазақстан Республикасы Әскери күшінің запастағы офицерлерін, басқа әскерлер мен әскери құрылымдарын даярлайды.

### **Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімі**

**2 ғимарат, 216 дәрісхана**

**+7 (7152) 494042, қос. 1019**

Оқу үдерісін ұйымдастыру бөлімі оқу үдерісінің оқу-әдістемелік құжаттармен қамтамасыз етілуін қадағалап, оқытудың жаңа технологияларын жетілдіру, жасау және енгізу бойынша жұмыс жүргізеді.

### **Студенттер статистикасы және талдау бөлімі**

**2 ғимарат, 201 дәрісхана**

**+7 (7152) 494042, қос. 1018**

Студенттер статистикасы және талдау бөлімі электронды түрді жүргізу мүмкіндігі үшін жүйелендіру, үйлестіру, статистикалық және ақпараттық мәліметтерді жоспарлауды жүргізеді.

### **Инновациялық-білім беру технологиялары бөлімі**

**4 ғимарат, 413 дәрісхана**

**+7 (7152) 493233, қос. 1148**

ИББТБ оқу үдерісіне компьютерлік сыныптарын дайындайды, NKZU NET желілерін пайдаланушы дербес студенттік ресурстарды қалыптастырады, компьютерлік сыныптардағы құрал-жабдықтарды техникалық қарау, жөндеу және жаңарту, серверлер мен жұмыс станцияларының бағдарламалық қамтамасыз етілуін жаңарту, лингафонды сыныптар, мультимедиялық кешендер, виртуалды зертханалар және т.б. бағдарламалық қамтамасыз етілуін орнатумен айналысады.

### **Академиялық ұтқырлық және көптілдік білім беру бөлімі**

**3 ғимарат, 259 дәрісхана**

**+7 (7152) 492204**

Орталықтың негізгі қызметі білім алушылар, университеттің профессорлық-оқытушылық құрамы және қызметкерлерінің академиялық ұтқырлығын ұйымдастыру болып табылады.

### **Тәрбие жұмысын үйлестіру және ұйымдастыру бөлімі**

**2 ғимарат, 112 дәрісхана**

**+7 (7152) 493181**

Бөлім әлеуметтік-жауапты тұлғаны қалыптастыруда оңтайлы жағдайлар жасап, студенттерді әлеуметтік қолдау, жастарды ЖОО-ның қоғамдық және мәдени ісіне жұмылдыру, әлеуметтік-тәрбие бағыты бойынша ЖОО стратегиясы мен мемлекеттік жастар саясатының бағдарламасын жүзеге асыру, студенттердің әлеуметтік және мәдени мүдделерін қорғауды қамтамасыз етеді.

### **"Сұңқар" спорт клубы**

**2 ғимарат, 112 дәрісхана**

**+7 (7152) 493181**

Спорт клубы спорт секциялары, спорт-бұқаралық шараларының жұмыстарын, спартакиадалар, жарыстар ұйымдастырады.

### **Дәрігерлік пункт**

**10 ғимарат, Абай к-сі жағынан кіру**

**+7 (7152) 493266**

Дәрігерлік пункт университет қызметкерлері, күндізгі бөлім студенттері мен академиялық күнтізбеге сәйкес сессия кезінде сырттай бөлім студенттеріне қызмет көрсетуге арналған. Дәрігерлік пункт мынадай емдеу ісін атқарады: дәрігерге дейінгі көмек көрсету, алғашқы диагностика және амбулаторлық емдеу, студенттер мен қызметкерлердің жыл сайынғы алдын-ала медициналық тексерулерін ұйымдастыру және өткізу, санитарлы-ағартушылық жұмыстарын жүргізеді.

### **М. Қозыбаев атындағы СҚМУ тарихи мұражайы**

**Абай к-сі, 16**

**+7 (7152) 493233, қос. 1303**

Өзінің ісімен мұражай студенттер мен ПОҚ-ны тұлға ретінде дамыту және патриоттық тәрбиелеу үшін университеттің рухани, білім беру, мәдени құндылықтарын насихаттайды.

Мұражайдың жұмыс кестесі: жұмыс күндері 9.00 бастап 17.30 дейін, түскі үзіліс 13.00 бастап 14.00 дейін.

Саяхаттар кем дегенде 7 адамнан тұратын топқажүргізіліп, жарты сағаттан артық уақытты алады.

### **Студенттер клубы**

**1 ғимарат, 109 дәрісхана**

**+7 (7152) 493181, қос. 1055**

Студклуб білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көмектесіп, мәдени-бұқаралық шаралар жүргізеді, университеттің ПОҚ, қызметкерлері мен білім алушылардың бос уақытын ұйымдастырумен айналысады,

### **М. Қозыбаев атындағы СҚМУ білім алушыларына жатақхана беру**

ЖОО-ның 3 студенттер жатақханасы бар, ондағы жалпы орындар саны – 1026. Жатақханада тұруға ниет білдірген барлық студенттер, магистранттар, студенттік отбасылары жатақханада орынмен қамтамасыз етілген. Емтихан сессиясы кезінде сырттай бөлім студенттеріне де жатақханадан орын беріледі. Жатақханада тұратын студенттер мониторингісі ЖОО сайтында орналастырылған электронды база бойынша жүзеге асырылады. Жетім студенттер жатақханада тегін тұрады.

Жатақханаға орналастыру студенттер мен магистранттардың ректор атына жазған өтініші және облыстық дезстанция өкілдерімен жүзеге асырылатын медициналық қаралудан өткені туралы анықтама арқылы жүргізіледі. Тәрбие жұмысын үйлестіру және ұйымдастыру бөлімі өтініште бөлменің нөмірін көрсетіп, рұқсатнама береді. Комендант бөлменің нөмірі көрсетілген өтініш негізінде жатақханаға орналастырады.

Барлық жатақханаларда күрделі жөндеу жұмысы жүргізілген. Материалды-техникалық базасы мен санитарлық жағдайы жақсы болғандықтан, жатақханада тұратын студенттердің тұрмысы мен бос уақытына барлық жағдайлар жасалған. Барлық жатақханаларда себезгі бөлмелері бар, кір жуатын жартылай автоматтандырылған машина орнатылған, асүйлер электрплиталарымен қамтамасыз


етілген. Жатақханада мәдени және спорт-бұқаралық шараларын өткізу үшін теледидар, музыкалық орталықтар, теннис үстелдері бар.

№1, 2 жатақханаларында асханалар бар.

Жатақханаларда рұқсатнама тәртібі қалыптасқан және оқытушылар кезекшілігі ұйымдастырылған. Барлық жатақханалар сыртқы бейнебақылаумен, ал №2 жатақхана ішкі бейнебақылау жабдықтарымен қамтамасыз етілген.

Барлық жатақханаларда Ғаламтор желісі қолжетімді. «Қазақтелеком» АҚ филиалы екі тарифтік жоспар бойынша кеңжолды қолжетімді қызмет көрсетеді: «iD Net Light» және «iD Net Turbo Light».

## Студенттер қалашығының сұлбасы





## Спорт секциялары

ЖОО-да спорт секциялары жұмыс істейді:

- 1) Баскетбол (ұлдар)
- 2) Биатлон
- 3) Волейбол (ұлдар)
- 4) Армрестлинг Гирь спорты
- 5) Қысқы-жазғы Президент күресі
- 6) Шаңғы жарысы
- 7) Мини-футбол
- 8) Үстелүсті теннисі
- 9) Жүзу
- 10) Теннис
- 11) Кикбоксинг
- 12) "Кендо"шығыс күресі

Спорт секцияларына жазылу үшін жаттықтырушыларға немесе **2 ғимараттағы 112 дәрісханаға бару** қажет. Секция жұмысының кестесі СҚМУ сайтындағы «Студенттік өмір» - «Спорт және денсаулық» тарауларында берілген.

## Шығармашылық бірлестіктер

Студенттік өнерпаздар ұйымына қатысу үшін **1 ғимараттағы 109 дәрісханада** орналасқан **Студклубқа** бару қажет.

### **«Шаңырақ» қазақ студенттер театры**

«Шаңырақ» студенттер театры 2001 жылы құрылды. 2009 жылы «Театр и бытие» фестивалінде гран-приге ие болды. 2010 жылы Алматы қаласында өткен республикалық фестивалде F. Мүсірепов атындағы ТЮЗ жүлдесін жеңіп алды.

Театрда қазіргі барлық жанрлар қолданылады (драма, комедия, трагедия және т.б.).

### **«Пилигрим» студенттік халық театры**

«Пилигрим» театры 1968 жылы құрылды. 1973 жылы театрға «халық» атағы берілді. Театр репертуарына «Страна слепых» (Николай Коляда), «Легенда о любви» (А. Иванов, О. Уальдтің «Рыбак и его душа» ертегісі) және т.б. қойылымдары кіреді. Оған қоса театр жанажылдық таңертеңгіліктер ұйымдастырады.

### **«Кривое зеркало» студенттік халық театры**

Эстрада миниатюрасының «Кривое зеркало» студенттік театры КТК командасы негізінде 1988 жылы құрылды. 1991 жылы театрға «халық» атағы берілді. Театр түрлі жанрларлық бағыттарда жұмыс істейді: драма, шоу-бағдарлама, сценалық миниатюра және кейбір жанрлардың эклектика бағытында. Драмада жеке тұлғаның әлеуметтік

проблемасы мен ішкі дүние проблемасын бейнелейтін, терең психологиялы пьесаға көп көңіл аударылады.

### **«Антурнан» қазіргі хореография ансамблі**

«Антурнан» қазіргі хореография ансамблі 1989 жылы Ирина Колоколованың жетекшілігімен құрылып, ол кезде «Рандеву» деп аталған болатын. Көп жылдар бойы ансамбль түрлі қойылымдар қойып, шығармашылықпен дамып отырды. Қазіргі кезеңде бұл дарынды студенттер ұжымы әртүрлі бағыттағы алуан репертуарлармен, барлық университет, қала және облыстық шараларға белсенді қатысушылары болып табылады.

«Антурнан» ансамблі қала, облыс және республикалық байқау, фестивальдерінде жүлделі орындарға ие болуда («Жас толқын», «Каблучок», «Студенческая весна» және т.б.).

### **«Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблі**

«Шертер» фольклорлық-этнографиялық ансамблі 1999 жылы ұйымдастырлды. Ансамбльдің алғашқы жетекшісі аға оқытушы Мухатаева Ж.А. болды және ол ұжымның орындау ісінің бағытын анықтаған болатын: қазақ халық және кәсіби музыкасын жариялау, қазақ халқының көне аспаптарын көрсету. 2004 жылы ансамбльді Ж. Кабдулбариев басқарып, ансамбльге мына ежелгі қазақ музыка аспаптарын енгізді: сазсырнай, адырна, сыбызғы, сақпан, қыл қобыз, шаңқобыз, дабыл, дауылпаз, асатаяк, тұяқтас.

Шығармашылық ұжым репертуарына қазақтың әйгілі күйшілері - Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина, Сүгүрдің күйлері, сонымен қатар әйгілі де сүйікті халық әндері кірді, оларды өңдеушілер Ж. Мұхатаева және Ж. Кабдулбариев болды.

«Шертер» ансамблі 2008 жылы «Атамұра» қазақ мәдениетінің облыстық фестивалінде лауреат атағына ие болды.

### **«Мелос» ансамблі**

«Мелос» ерлер вокалды ансамблі 2007 жылы «Музыкалық пәндер» кафедрасында аға оқытушы Наталья Витальевна Зайцеваның жетекшілігімен құрылған болатын.

Ансамбль құрамына түрлі курс студенттері кіреді. Квартет қала және облыстың концерт алаңшаларында белсенді түрде өнерлерін көрсетуде. Қазақтың ұлттық өнерін, патриоттық әндерін насихаттай отыра, ұжым 2010 жылы «Мамыр жұлдыздары» облыстық байқауы мен «Моя весна - моя победа» әскери-патриоттық әндердің қалалық байқауында лауреаты атанды.

2011 жылы «Мелос» ансамблі музыка мәдениетін дамытуда маңызды үлес қосқаны және асқан шеберлікпен орындағаны үшін Солтүстік Қазақстан облысы жастар жетістіктерінің «Алтын кітабына» енгізілді.

Ансамбль репертуарына қазақ, испан, итальян және орыс тілдеріндегі вокалды шығармалар кіреді. Квартет Астана қ., Омбы қаласының қала күнін тойлауда, Түмен облысында Қазақ мәдени автономиясының 5 жылдығында Солтүстік Қазақстан облысы атынан өнерлерін ортаға салды.

## **М. Қозыбаев атындағы СҚМУ студенттік хоры**

СҚМУ студенттік хоры 1995 жылы ұйымдастырылды және оның бірінші жетекшісі Қырғызстанның еңбек сіңірген қайраткері Колчин Юрий Викторович болды, ол қжыммен 15 жылдан артық жқмыс істеді. 2010 жылдан бастап хорды Республикалық хор орындаушылар байқауының лауреаты Зеленый Александр Григорьевич басқарды.

Ұжым хор музыкасын университет және оның шегінен тыс насихаттаушы болып табылады. Хордың репертуарына Қазақстан, жақын және алыс шетел композиторларының шығармалары кіреді: М. Төлебаев операсының «Біржан мен Сара» қойылымы, Ж. Бизе «Кармен», Г.Свиридов кантатасы «Курские песни», ал ерлер хор тобы «Ақ сиса» қазақ халық әнінің өңделген нұсқасын көрсетті. Репертуар үнемі классикалық шығармалар, өңделген қазақ халық әндері, қазіргі эстрада-джаз миниатюраларымен толықтырылып, жаңартылып отырады. Хор шығармалары түпнұсқа тілінде (қазақ, орыс, латын, украин, неміс және т.б. тілдерінде) орындалады.

2008 жылы Астана қаласында өткен 2-інші Республикалық фестивалінде лауреат атанды.

**«Мелос» ансамблі мен студенттік хорға жазылу үшін музыка пәндері кафедрасымен байланысу қажет, мекен-жайы: №1 жатақхана, 224 дәрісхана.**

## **КТК**

СҚМУ-да университетішілік КТК лигасы бар. Ойындар орыс және қазақ тілдерінде жүргізіледі. Әр факультет және институт лигада өз командасын ұсынады.

Сіздің оқуыңызға қатысты барлық сұрақтар бойынша өзіңнің эдвайзер, деканат, тіркеуші офисінің тіркеушісіне жүгіну қажет.

Сіз өз ұсыныстарыңыз бен наразылықты университет басшылығына наразылық пен ұсыныстар Жәшігі арқылы жеткізуге болады.

**Сізге табысты оқу тілейміз!**



Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

**«ҚАРЖЫЛЫҚ ОРТАЛЫҚ»  
АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

БИК HSBKZZKX. Астана аймағының ф-лы  
№119900. "Қазақстанның халық банкі" АҚ, КБе 17

Қаржылық орталық Акционерлік қоғамы төменде көрсетілген бағыттарды жүзеге асыру арқылы білім алуға ниет білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарын қаржылық қолдау бойынша әлеуметтік міндеттерді атқарады:

- білім беру несиелеріне кепілдік беру;
- мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі.

**Білім беру депозиті  
(салым бойынша тиімділігі 17% дейін)**

Білім берудегі жинақта салымының шарттары	ТЕМІРБАНК	БТА БАНК		НАЛЫК BANK	ЦЕСНАБАНК
Салымның мақсатты міндеті	Қазақстанда техникалық және кәсіби, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары білімнен кейінгі (магистратура, резидентура) білім алу, сонымен қатар шетелде жоғары және жоғары білімнен кейінгі (магистратура, резидентура) білім алу.				
Пайыздық ставкасы	Банктің сыйақысы 8% (жылдық тиімділігі 8,3%)	8,3%	7,2%	7% дейін жылдық (жылдық тиімділігі 7,3% дейін жылдық)	10%
Мемлекеттің сыйлық ақысы	- стандартты: +5% жылдық, бірақ 100 МРП-ден артық емес. - арнайы: +7% жылдық, бірақ 100 МРП-ден артық емес. (әлеуметтік қорғалмаған адамдарға қатысты).				
Салымның минималды сомасы	3 МРП (5 556 теңге)		15 000 теңге		3 МРП (5 556 теңге)

**Студенттерге арналған білім беру несиелері**

	АЛЬЯНС БАНК	НАЛЫК BANK	БТА БАНК		СБЕРБАНК
% ставка	9%	15%	от 8% *	от 13,8%	14%
Несие мерзімі	17 жылға дейін	10 жылға дейін	10 жылға дейін		12 жылға дейін
Кепілдеме	Кей жағдайда қажет	Қажет емес			
Жеңілдік кезеңі	Оқу кезінде және оқу аяқталған соң жыл бойы – негізгі қарыздың пайызына төлем <b>жасалмайды</b>	Оқу кезінде және оқудың негізгі курсы аяқталған соң жарты жыл бойы – <b>Банкке тек сыйақы төленеді</b>			

\* Егер Қарыз алушы бір семестрге оқудың төлемақысынан 15%-дан 50%-ға дейінгі мөлшерде «Кепіл» депозитін ашуға ниет білдірген болса, білім беру несиесі бойынша сыйақы ставкасы - 8% жылдық

Толық ақпарат (кеңес) қажет болған жағдайда Сіз төмендегі мекен-жай бойынша байланысуыңызға болады:

«Қаржылық орталық» АҚ

Мекен-жайы: Астана қ., солжақ жаға, Орынбор к-сі, 18

Телефоны: 8 (7172) 695-045, 695-047, ішкі нөмірі 114, 118, 157, 158, 116.

Call-орталық: 8 800 080 28 28 (Қазақстанның кез келген жерінен қоңырау тегін түрде)

E-mail: [fincenter@fincenter.kz](mailto:fincenter@fincenter.kz)

Веб-сайт: [www.fincenter.kz](http://www.fincenter.kz)

Портал: [www.ya-student.kz](http://www.ya-student.kz) (Қазақстан және шетелде білім алу туралы ақпарат).